

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 1-беті

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән:	Фармацевтикалық биотехнология
Пән коды:	FB 3308
БББ атауы:	«Фармация»
Оқу сағаттарының/ кредиттердің көлемі:	120 сағат (4 кредит)
Оқытылатын курс пен семестр:	3 курс, 6 семестр
Практикалық сабақтар:	30 сағат

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 2-беті

Практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармацевтикалық биотехнология» пәнінің syllabus-ына сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 15 31.05.2023

Кафедра меңгерушісі, фарм.ғ.д., профессор



Сағындықова Б.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 3-беті

Сабақ № 1

Тақырып 1: Микроорганизмдер-белгілі бір қасиеттері бар құнды заттарды өндірушілер.

Мақсаты: Білім алушыларды биотехнология, гендік инженерия және ұлпа культурасының негіздерімен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- биотехнологияны ғылым саласы ретінде анықтамасын, оның мақсаты мен міндеттерін, оның негізгі мазмұнын;
- белгілі қасиеті бар мақсатты өнімдердің биотехнологиялық өндірістің артықшылықтары мен кемшіліктерін;
- биотехнология объектілерін;
- биотехнология әдістерін;
- медицина және фармацевтикадағы биотехнология жетістіктерін.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биотехнология саласында ғылыми, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді қолдануды;
- биотехнология, гендік инженерия және ұлпа культурасының жетістіктерін ғылымның басқа салаларындағы ғылыми жаңалықтарының арасындағы өзара байланысын жүргізуді;
- биотехнология саласында шешілетін міндеттер қоюды.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Микробиология. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, қарапайымдар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді культивирлеудің физиологиялық жолдары.
3. Дайын дәрілік түрлердің (таблеткалар, ампулалардағы, шаншуға арналған ерітінділер, жағар майлар және т.б.) технологиясы.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Биотехнология – ғылым ретінде, оның анықтамасы. Биотехнологияның ғылым ретінде және халық шаруашылығының саласы ретінде дамуының қысқаша тарихы.
2. Биотехнологияның негізгі мақсаттары және міндеттері, оның негізгі мазмұны.
3. Белгілі қасиеті бар керекті өнімдердің биотехнологиялық өндірістің артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Биотехнология объектілері, олардың ерекшеліктері.
5. Биотехнология объектілерінің жалпы жіктелуі: бактериялар, саңырауқұлақтар, плазмидалар және т.б.
6. Бактерия плазмидалардың жалпы сиппатамасы.
7. Микроорганизмдердің зияны және оны болдырмау жолдары.
8. Халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы биотехнологияның жетістіктері.
9. Медицина және фармацевтикадағы биотехнологияның жетістіктері.
10. Биотехнологияның ғылым және сала ретінде дамуының негізгі бағыттары.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Биотехнология өзінше дербес ғылым ретінде XX ғасырдың 80 жылдары ғылымның әр түрлі салаларындағы, соның ішінде молекулалық биология, гендік инженерия, биохимия, биоэлектрохимия және т.б., маңызды жаңалықтарының ашылуының арқасында қалыптасты. Алғаш рет «Биотехнология» термині 1984 жылы Биотехнологияның Еуропалық Федерациясы (БЕФ) құрылған соң тіркелді.

Биотехнологияның алғашқы өнімдері ретінде дәнді дақылдардан алынатын өнімдер болып саналады: нан, бидай және арпа ашыған сусыны, арпа сырасы, сүттің қышқыл сүт өнімдері және т.б. Адамдар кейінірек, микроорганизмдердің

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 4-беті

ферментацияның күрделі процесстеріне қатысатының білместен, рудалардан түсті металлдарды бөліп алуды, табиғи жібек өндіруді, тері мен ағашты өңдеуді, шарап, сірке қышқылын алуды үйренді.

Қазіргі уақытта биотехнологияда Көне Греция мен Көне Римнің білімдерін және терминологиясы қолданылады: «энзим» - грек - көтеру; «фермент» - латынша – ашып кету, қайнау.

Биотехнологияның негізін қолдаушы Луи Пастер 1872-1876 ж.ж. микробиологияны дербес ғылым ретінде бөлген. Ол ашып кету процессінде микробтар бастапқы ролін атқаратынын анықтады және басқа микроорганизмдер басқа өнімдерді өндіру процессінде қызмет етедігін көрсетті.

БЕФ анықтамасы бойынша, «Биотехнология - микроорганизмдердің, жасушалар мен ұлпа культураларының, сонымен бірге олардың құрылымдық бөлшектерінің (ферменттердің) берілген қасиеттері бар өнімдерді синтездеу қабілетін өнеркәсіпте пайдалану мақсатпен биохимия, микробиология және инженерлік ғылымдардың жетістіктерін интегралды түрде қолданатын сала».

Биотехнологияның, сонымен бірге гендік инженерияның объектілері:

а) микроорганизмдер: саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар, қарапайымдар және т.б.; б) өсімдіктер мен жануарлардың жасушалары;

в) арнайы қолданылатын биологиялық белсенді заттар – ферменттер; г) плазмидалар.

Микроорганизмдер әлемі өте әр түрлі. Олардың ашылуына және зерттелуіне байланысты олар келесі топтарға бөлінген:

1. Бактериялар – Schizomycetes – бөлінген саңырауқұлақтар (лат. Schizo – ыдыратамын, mycetes – саңырауқұлақтар).
2. Сәулелі саңырауқұлақтар – Actinomycetes (лат. Actino - сәуле).
3. Жіптәріздес саңырауқұлақтар – Trichomycetes (грек. Trichos - шаш).
4. Ашытқы саңырауқұлақтар – Blastomycetes (грек. blastos – бүршік, бүршіктеніп кобею).
5. Көк-жасыл балдырлар – Cyanophyta, яғни цианобактериялар - Cyanobacteria.
6. Спирохеталар – Spirochaeta (грек. Spira – спираль, chaita - шаш).
7. Қарапайымдар – Protozoa.
8. Рикетсиялар – Rickettsia.
9. Микоплазмалар - Mycoplasma
10. Вирустар
11. Плазмидалар

Өнеркәсіптік микробиологияда, яғни биотехнологияда қолданылатын микроорганизмдер шартты түрде төмендегідей жіктеледі:

- 1) кейбір балдырлар – Algae
- 2) қарапайымдар - Protozoa
- 3) саңырауқұлақтар - Mycor :

а) Actinomycetes;

б) Streptomycetes;

в) Ascomycetes;

г) Oomycetes; Mycor саңырауқұлақтары бөлінеді:

а) Mycor - Penicillium, сапрофитті (шартты-патогенді), $t^0 = 23-26^0\text{ C}$, аэробтар;

б) ашытқы – Aspergillus;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 5-беті

в) ашытқы тәріздес – Candida; патогенді (кандидоз тудырады)г) ашытқы – Saccharomycetes;

Саңырауқұлақтарды Сабура, Чапек-Докс қоректік орталарында, сұйық ашытқы сусынында немесе ашытқы-агарда ($pH < 7,0$) өсіреді. Саңырауқұлақтар pH 3,0-10,0 аралықта көбеюге икемді. Оптималды параметрлері: pH 6,0-6,5, $t = 25-33^{\circ}C$, ал ашытқы және ашытқы тәріздес саңырауқұлақтар үшін – $t = 36-37^{\circ}C$. Қоректік ортаның ылғалдылығының төмендеуі және ондағы ақ уыздар мен көмірсулар мөлшерінің төмендеуі спора түзуге мүмкіндік береді. Витаминдер, кейбір аминқышқылдар және микроэлементтер әртүрлі саңырауқұлақтар үшін өсудің маңызды факторы болып табылады.

Көптеген саңырауқұлақтардың аэробтарға жатуына байланысты, олар сұйық орта беткейінде қабықша түрінде өседі, ал қатты ортада басында түссіз, кейін пигменттелген колониялар түзеді. Колония өлшемдері саңырауқұлақ түріне, өсу және көбею жылдамдығына, қоректік ортаның құрамына тәуелді.

Саңырауқұлақтар тірі ағза жасушыларына тән бірқатар белгілерге ие. Оларға қоректену-дің гетеротрофты түрі және витаминдерді талап етуі тән. Олар резервті гомогликан ретінде гликоген (крахмал емес) синтездейді, мочевиная және хитин түзеді.

Саңырауқұлақтар – хлорофиллсыз, гетеротрофты аэробты немесе факультативті анаэробты микроорганизмдер. Олардың көбісі құрамында көміртектің бейімді органикалық көзі (мысалы, олигоқанттар), азоттың бейорганикалық көзі (нитраттар немесе аммоний тұздар түрде) минималды мөлшерде, pH бастапқы мәні 6,0-6,5 болған қоректік ортада 1-5 тәулік бойы (кейде одан да ұзақ) өседі.

Саңырауқұлақтар көпшілігінде спора көмегімен, сонымен қатар мицелий түзіп вегетативті көбейеді.

Бактериялар. Энтеробактериялар. Бұл туыс шартты-патогенді, патогенді таяқшалардың үлкен тобы. Олардың көпшілігі үшін өмір сүру орта ретінде адам және жануарлардың ішегі болып табылады. Энтеробактериялар: *Escherichia*, *Shigella*, *Salmonella*, *Klebsiella*, *Proteus*, *Yersinia* – қарапайым қоректік орталарда жақсы өседі, анықталуының таксонды мәні бар қант ыдырататын (сахаролитикалық), протеин ыдырататын (протеолитикалық) және басқа ферменттерді түзеді.

Escherichia түрі Т.Энирих атымен аталады, себебі ол 1885 ж. *Esch. coli* – ішек таяқшалары деп аталатын бактерияларды алғаш рет бөліп алып, толық сипаттаған.

Esch. coli $t = 37^{\circ}C$ қатты ортада S- және R-колониялар түзе отырып көбейеді. Сұйық ортада сұйықтықты лайлаты, кейін тұнба түзеді. Олар көмірсуларды, ақ уыздарды және басқа қосылыстарды ыдырататын ферменттерді түзеді (продуцирлейді).

Азот жинақтайтын бактериялар – *Clostridium pasteurianum* (анаэробтар) 1889 ж. С.Н. Виноградский арқылы ашылған. Оларға *Pseudomonas*, *Bacillus*, *Rhizobium*, цианобактериялардың кейбір түрлері жатады.

Антибиотик өндіретін саңырауқұлақтар:

а) пенициллиндерді *Penicillium* туысының зең саңырауқұлақтары өндіреді (1940 ж. ашылған);

б) стрептомицинді *Actinomyces griseus* кейбір түрлерінен өндіреді (препаратты 1944 ж.

С.Ваксман ашқан);

в) цефалоспориндер *Cephalosporium* және т.б. кейбір түрлерінен өндіріледі.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 6-беті

Микроорганизмдердің бір түрінен алынған антибиотиктер басқа туыс микроорганизмдерінің өсуін және көбеюін басады (бактериостатикалық әсер). Микробтық антагонизмінің механизмі әр түрлі: олар оттегі және қоректік заттарға конкуренциясымен, рН ортаның конкурентке қолайсыз жағына өзгеруімен және т.б. байланысты болуы мүмкін.

Биотехнологияның, әсіресе молекулалық биологияның және гендік (генетикалық) инженерияның маңызды объектілерінің бірі ең қарапайым бөлшек ретінде **бактериялардың плазмидалары** болып табылады. Олар вирустарға бірқатар қасиеттер бойынша ұқсас болғанымен, плазмидалар олардан елеулі ерекшеленеді.

Вирустардан бактерия плазмидаларының негізгі ерекшеліктері:

1. Плазмидалардың геномы тек екіспиральді ДНК (оны молекулалық биологияда ажыратуды үйренген) түрде болады. Ал вирустарда РНК және ДНК геномдардың 10-нан көп варианттары бар.

2. Плазмидаларда, вирустардан және басқа микроорганизмдерден ерекшелініп, еш қандай қабықшалары болмайды. Олар «жалаңаш» геномдар. Бұл плазмидалардың басты биологиялық ерекшелігі.

3. Ақ уызды (белокты) қабықшаларының болмауына байланысты (вирустарда қабықша болады) плазмидалардың көбеюі ДНК-дың өзіндік репликациялау жолымен жүреді және құрылымдық ақ уыздарды синтездеу мен өзін-өзі қорғау процестерді жүргізу талап етпейді.

4. Вирустардың өмір сүру орта терінде бактериялардың, өсімдік, жануар және адам жасушалары болып табылады. Плазмидалардың өмір сүру ортасы – тек қана бактериялар.

5. Вирустардан ерекшеленіп плазмидалар, жасушадан-жасушаға өзін-өзі тасымалдауға қабілетті беретін, гендер жүйелерге ие.

6. Плазмидалар мен вирустар бір-бірінен жасушаларда инфекциялаудан соң туғызатын зардаптары бойынша ерекшеленеді:

а) вируспен зақымдануы жасушалық геномының қызметін тежеуге алып келеді. Вирулентті (улы) вирус жасушада көбейіп оның өлуіне немесе оның қалыпты қызметін бұзылуына алып келеді;

б) плазмидалар бактериялық жасушаға еніп, онда бақылаусыз көбеймей және бактериялық хромосома қызметін тежемей, онымен қатар өмір сүреді және жасушаның хромосомасына түзілетін өзінің көшірмелерінің санын өздері бақылайды. Яғни плазмидаларда бөлініп пайда болған плазмидалардың бөлініп пайда болған бактериялық жасушаларға бір- біреуден кездейсоқ емес (рандомиялық емес), генетикалық механизм көмегімен таралуын бақылау жүргізіледі;

в) вирустардан ерекше плазмидалар, оларға өмір сүру үшін табиғи орта болатын жасушалардың өлімін тудырмай, керісінше, өте жиі едәуір маңызды қосымша (селективті, яғни таңдайтын) қасиеттерді береді, яғни плазмидалар өзінің өмір сүруімен бактерияларға қолайсыз жағдайларда да (мысалы, дәрілік препараттардың қатысуында да) көбеюін, сонымен бірге өзінің өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Вирустардан осы ерекшелуіне байланысты плазмидалар гендік инженерияда генетикалық қайта құруда қолдануды тапты, яғни әр түрлі гендерді бактерияларда клондау үшін оларды вектор ретінде қолданылады.

Биотехнология әдістері:

1. Қатты және жартылай қатты қоректі орталарда келесі мақсаттармен

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 7-беті

беттік культивирлеу: а) егу материалын алу үшін;

б) культураны ұзақ мерзім бойынша сақтау үшін;

в) өсімдіктердің ұлпасын немесе жасушаларын культивирлеу (өсіру) арқылы қаллусты (callus – лат. мозоль, күс) биомассаны алу үшін.

2. Керекті өнімдерді алу үшін арнайы жағдайларда (режимде) биологиялық объектілерді ірі көлемде терең культивирлеу (ферментациялау).

Медицинада, фармацевтік технологияда, ветеринарияда және косметологияда биотехнологиялық өндіріс өнімдері: микробиологиялық синтез арқылы алынған ферменттері, моноклонды антиденелер, антибиотиктер, стероидты препараттар, полисахаридтер, рекомбинатты ДНК, биополимерлер, липидтер, адам интерферондары, әр түрлі ақ уызды (белок) препараттары кеңінен қолданылады.

Белгілі қасиеттері бар өнімдерді алудағы биотехнологиялық әдістің артықшылықтары:

- алынатын өнімдердің өзгешілігі;
- технологиялық процессті бақылаудың оңайлығы;
- төмен температурада және агрессивті химиялық заттарсыз, улы еріткіштерсіз және т.б. жұмыс істеу;
- керекті өнімдерді бөліп алудың қарапайымдылығы;
- бастапқы шикізаттың арзандығы және қол жеткілігі;
- жасушалардың жоғары репродуктивті қабілеті, яғни қысқа уақытта биомассаның қажетті мөлшерін өсіру қабілеті;
- қоршаған ортамен сыйымдылығы және т.б.

Биотехнология дамуының негізгі бағыттары:

1. Биосинтез және биодеградация (қалдықтарды өңдеу) белгілі процесстерін жетілдіру және жаңа процестерді іздестіру.
2. Химиялық өнеркәсіп үшін құрамында көміртегі бар шикізатты алуға арналған экологиялық таза тәсілдерді іздестіру.
3. Өнімдерді биотехнологиялық қайта өңдеу және тазартудың жаңа әдістерін іздестіру.
4. Тұрмыстық химия өнімдерінің (желімдер, бояғыштар, жұпар заттар, шайырлар, пластмасса, полимерлер, талшықтар және т.б.) өндірісін жетілдіру.
5. Энергияның жаңа көздерін жасау.
6. Экологиялық таза және микроорганизмдерден қорғалған азық-түліктер мен сусындарды шығару өндірісін жетілдіру.
7. Фармацевтикалық препараттардың, медикаменттердің және медициналық пен санитариялық мақсатпен қолданылатын бұйымдардың өндірісіне биотехнологиялық тәсілдерді енгізу.
8. Минералды шикізатты шығару және қайта өңдеу, таза түсті металлдардың өндірісіне биотехнологиялық тәсілдерді енгізу.
9. Қоршаған ортаны бақылауға биотехнологиялық тәсілдерді енгізу.

Бірақ, микроорганизмдерді керекті салада қолдану үшін алдын-ала олардан болатын зақымдарды және оларды болдырмау жолдарын білу қажет.

Микроорганизмдерден болатын зиянды **биозақымдар** деп атайды, яғни олар әртүрлі микроорганизмдердің өмір сүруіне байланысты материал қасиеттерінің кез-келген жағымсыз өзгеруі болып табылады.

Биозақымдану және оны болдырмау жолдары:

1. Тағам өнімдері. Оларды микроорганизмдерден қорғау үшін мұздатады,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 8-беті

- консервациялайды, тұздықтайды, қайнатады, ашытады, қантпен өңдейді және т.б., сонымен бірге әртүрлі химиялық заттарды - консерванттарды қосады.
2. Целлюлоза және оның бұйымдары (қағаз, ағаш, мата). Мысалы, $t = +25^{\circ}\text{C}$ ылғалды жерде жатқан мақта мата беріктігін толық жоғалтады, сондықтан табиғи және жартылай синтетикалық маталарды, қағаздарды, ағаш бұйымдарды арнайы химиялық қоспалармен өңдейді.
 3. Беттік жабдықтар (пластик, пластмасса) тотығу коррозиядан қорғауға арналған, бірақ олардың өздері микроорганизмдердің әсерінен биокоррозияға ұшырауы мүмкін. Сондықтан олардың құрамын химиялық қоспаларды қосады.
 4. Металдар, соның ішінде тотықпайтын болат та, темірді (және т.б.) бөліп алатын микроорганизмдердің әсерінен биокоррозияға ұшырауы мүмкін, әсіресе жер астындағы құбырлар. Сонымен бірге, метаболизмде темірді пайдаланатын, бактериялар құбырлардың тесігін бітеп қалуы мүмкін.
 5. Әртүрлі жанар майлар мен материалдар да липотрофты микроорганизмдердің әсерінен қорғауды талап етеді. Олардың құрамына химиялық қоспалар қосылады.
 6. Биозақымдарға бағалы металдар (алтын), бағалы және жартылай бағалы тастар (бирюза, янтарь, меруерт) да ұшырайды, сондықтан оларды химиялық заттармен өңдеуі қажет.
 7. Резиналар, полимерлер, пластмассалар микроорганизмдердің әсеріне тұрақты болады, себебі биозақымдану мүмкіндігі алдын-ала қарастырылып, оларды жасау кезінде есепке алынды.

Материалды биозақымдаудан қорғау Биотехнологияның дербес міндеті болып саналады. Көптеген микробиологиялық (биотехнологиялық) өндірістер жақын уақытқа дейін сәйкес микроорганизмдер жасушаларын пайдалануға негізделген. Көптеген осындай өндірістер қазіргі уақытта да бар. Бұл биотехнологиялық процесстің «Клеткалық, яғни жасушалық деңгейі деп шартты түрде аталады. Мысал ретінде ашудың әр түрлерін: майқышқылды, сүтқышқылды, спиртті және т.б., сонымен қатар тотығу процесстерін (сірке, лимон, алма және басқа қышқылдардың), көптеген антибиотиктердің, дрожжылардың және т.б. атап кетуге болады.

Тақырып бойынша тапсырма:

Тапсырма 1. Әр түрлі дәрілік түрлерді биозақымдаудан қорғаудың рационалды әдістерін таңдап, оларды теориялық дәйектеп беріңіз.

- а) Ішке арналған сұйық дәрілік түрлер үшін;
- б) Парентеральды қолдануға арналған сұйық дәрілік түрлер үшін;
- в) Энтеральды қолдануға арналған (көз тамшылары, мұрын тамшылары, шаюға арналған және т.б.) сұйық дәрілік түрлер үшін;
- г) Жұмсақ дәрілік түрлер (жағар майлар, линименттер, суппозиторийлер және т.б.) үшін;
- д) Қатты дәрілік түрлер үшін.

Білім алушытер тапсырма орындау кезінде стерильдеу шарттарын теориялық дәйектеп, дұрыс таңдау керек, консерванттардың табиғаты мен мөлшерін, әртүрлі дәрілік түрлерге орамдаушы материалдарды және дәрілерді микробтық контаминациядан қорғау әдістерін білуі қажет.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1- қосымшада көрсетілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылым ретінде биотехнологияның анықтамасын беріңіз. Өз бетінше ғылым ретінде қашанбөлінді және ғылымның, өндірістің бір саласы ретінде бөлінуі неге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 9-беті

негізделген?

2. Биотехнологияның негізгі мақсаты және міндеттері қандай? Оның негізгі мазмұны қандай?
3. Белгілі қасиетті мақсатты өнімдердің биотехнологиялық өндірісінің артықшылықтары және кемшіліктері?
4. Биотехнология объектілері ретінде не болып табылады? Олардың ерекшеліктері қандай?
5. Биотехнология объектілерінің қысқаша жіктелуін беріңіз.
6. Бактерия плазмидтерінің вирустардан басты айырмашылықтары қандай?
7. Биотехнологияда культивирлеудің қандай әдістері қолданылады? Қандай жағдайда? Олардың масштабы және мақсаттары қандай?
8. Халық шаруашылығының энергетикада, тамақ өнеркәсібінде, экологиялық мониторингте (қоршаған ортаны бақылау), ауыл шаруашылығында және т.б. биотехнологияның негізгі жетістіктерін атаңыз.
9. Молекулалық биология аумағындағы биотехнологияның негізгі жетістіктерін атаңыз.
10. Медицина, фармацевтика және ветеринариядағы биотехнологияның негізгі жетістіктерін атаңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 10-беті

Сабақ № 2

Тақырып 2: Мақсатты өнімдердің бағытталған биосинтезінің физиологиялық тәсілдері. Қоректік орта және шикізат сапасының критерийлері.

Мақсаты: Білім білім алушыларды өнеркәсіптік штамм-продуценттердің номенклатурасын кеңейтудің теориялық негіздері және әдістерімен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- биотехнологияның негізгі түсініктері мен терминдерін: микроорганизмінің культурасы, штамм, суперпродуцент және т.б.;
- биотехнологияның әдістерін;
- қоректік орталардың негізгі компоненттері және бастапқы шикі зат сапасының критерийлерін;
- егінді (қатты және жартылай қатты) агарлы орталарды дайындау технологиясын;
- ферментациялық (сұйық) орталарды дайындау технологиясын;
- егінді агарлы және сұйық орталарды стерилизациялау және сақтау ережелері;
- микроорганизмдерді өсіру (культивирлеу) барысында қоректі ортаға қажетті компоненттерді енгізу ережелері.

білім алушы істей білуі тиіс:

- қоректі ортаның негізгі компоненттерін дұрыс таңдау және бастапқы шикі заттың сапасын бағалау;
- егінді (қатты және жартылай қатты) агарлы орталарды дайындау технологиясын дұрыс жүргізу;
- ферментациялық (сұйық) орталарды дайындау технологиясын дұрыс жүргізу;
- егінді агарлы және сұйық орталарды дұрыс стерилизациялау және ережелерге сәйкес сақтау;
- микроорганизмдерді өсіру (культивирлеу) барысында қоректі ортаға қажетті компоненттерді дұрыс енгізу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Микробиология бойынша негізгі терминдері.
2. Микробиологиялық объектілерді культивирлеудің (өсірудің) физиологиялық жолдары.
3. Микроорганизмдерді өсіруге арналған қоректі орталарды дайындау технологиясы.
4. Қоректі орталарды, құрал-жабдықарды стерилизациялау әдістері мен тәсілдері. Қолданылатын аппараттар мен құралдар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Микробиология және биотехнологияда қолданылатын негізгі терминдер мен түсініктер: микроорганизм, культура, штамм және т.б.
2. Өнеркәсіптік продуценттердің номенклатурасын кеңейту әдістері.
3. Индукцияланған мутагенез және сатылы сұрыптау.
4. Қоректік орталар және бастапқы шикізат сапасының критерийлері.
5. Қоректі орталарға қойылатын талаптар.
6. Қоректі орталардың категориялары.
7. Жаңа штаммдарды және олардың негізінде жаңа продуценттерді алу негізгі жолдары.
8. Культураны сақтау.

Ақпараттық дидактикалық блок

Өндірістік биотехнологияда, дағдыдағыдай, жабайы микроорганизмдерді қолданбай, жаңа штаммдарды алады. Штамм деп (stammen – пайда болу немесе происходит) белгілі бір жағдайда өсірілген және өзінің өмір сүруін, көбеюін және таралуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір комплексті заттарды (липидтер, витаминдер, амин қышқылдар т.б.) заттарды синтездеуге қабілетті микроорганизмнің

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 11-беті

таза культураны атаймыз. Штамм бактерияның ең төмен таксономиялық бірлігі болып саналады.

Керекті өнімді кәдімгі жағдайдан да әдеттен көп синтездейтін жетілдірілген штаммдарды алу үшін оларды өсіру (культивирлеу) жағдайларды дұрыс тандай алу қажет.

Өндірістік штаммдардың номенклатурасын кеңейтудегі негізгі әдістер болып қазіргі уақытқа дейін индукцияланған мутагенез және сатылы сұрыптау болып отыр. Бұл жағдайда жасушалар популяциясын мутагенмен (арнайы химиялық затпен немесе ультра-күлгін жарықпен) өңдейді, содан соң қоректік ортаға егіп, бөлек клеткалардың көбею нәтижесінде түзілген популяцияларды талдайды (анализ жасайды). Өнімділігі жоғары клонды тандап алып процедураны қайталайды (сатылы сұрыптау). Бұл әдіс негізінен қиындықтарға толы. Әдетті бактериялық жасуша (клетка) құрамында 5000-ға жуық гендер бар. Қай генде қандай мутация болатынын алдын-ала айту мүмкін емес, яғни мутагенез шектелмеген, сол себептен көптеген мутациялар жасуша үшін зиянды немесе оны өлімге алып келеді. Соның нәтижесінде керекті мутация (немесе мутациялардың жиындығы) сирек пайда болады. Сондықтан әдістің негізгі кемшілігі - нәтижелерін болжау мүмкін еместігі және әдісте кездесетін қиыншылықтар көптілігі.

Керекті жеке өнімдердің биосинтезіне (немесе метаболизміне) қатысатын ферменттер өнімдердің сандық бақылауын жүргізеді, яғни сол немесе басқа заттың клетка ішілік концентрациясы көтерілген кезде оның синтезі оған сәйкес ферменттің әсерінен төмендейді немесе толығымен басылады.

Артық өндірілген қажетті өнім синтезінің интенсивтілігіне әсерін болдырмайтын, өзінің аллостерикалық реакцияға қабілетін жоғалтып, бірақ өзінің белсенділігін сақтаған ферментті мутациялау жолмен өзгерте отырып, суперпродуценттерді алуға болады. Бұл әдіс амин қышқылдары, витаминдер, антибиотиктер және т.б. заттардың биотехнологиялық өндірісінде кең қолданылады.

Сонымен қатар белгілі жағдайларда бірдей уақытта (синхронды) бөліне алатын клеткаларды, яғни синхронды культураларды алады, бірақ бұл синхрондық бөлінудің 2-3 циклі бойы сақталып ары қарай бұзылады.

Жаңа штаммдарды іздестіріп жасау және соның негізіндегі жаңа өнімдерді алу негізгі жолдары. Өнеркәсіптік биотехнологияның басты мақсаты - синтездейтін өнімнің сапасын жақсарту және оның мөлшерін ұлғайту.

Жаңа штамм-продуцентті алу үшін арнайы спецификалық микроорганизмдердің типтерін бөліп алуға басқаруға мүмкіндігі бар селективті (таңдайтын) факторларды белгілеу керек.

1) Автотрофты микроорганизмдер үшін;

а) аэробты автотрофты микроорганизмдер үшін (ауа аэрациясында өмір сүретін) 1-ші вариант: Жарық және сульфид қатыспайды;

а) NH_4^+ - азот көзі в) NO_2^- - азот көзі

2-ші вариант: Жарық қатысады, бірақ сульфид қатыспайды.

Азот көзі еркін бос (N_2) немесе байланысқан түрде болуы мүмкін.

б) Анаэробты автотрофты микроорганизмдер үшін (ауасыз өмір сүретін, мысалы, метан ортасында және т.б.):

1-ші вариант: Жарық қатыспайды. Сульфидті S^0 немесе $\text{S}_2\text{O}_3^{2-}$ түрінде энергия алу үшін тотықтырады; 2-ші вариант: Жарық қатысады. Сульфид концентрациясы маңызды болады (төмен немесе жоғары).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 12-беті

2) Гетеротрофты микроорганизмдер үшін.

а) аэробты автотрофты, микроорганизмдер үшін (ауа аэрациясында өмір сүретін) Жарық қатысады немесе қатыспайды, рН мәні нейтралды немесе қышқылды. Азот көзі – бос N_2 немесе құрамында азоты бар қосылыстар (NO_3^{-2}). Күкірттің көзі болып сульфаттар (SO_4^{-2}) табылады. Көміртектің және CO_2 көзі ретінде глюкозаны енгізеді.

б) Анаэробты автотрофты микроорганизмдер үшін (ауасыз өмір сүретін, мысалы, метанортасында және т.б.):

Жарық қатысады және қатыспайды, рН мәні нейтралды орта немесе қышқылды. Азот көзі – бос N_2 немесе құрамында азоты бар қосылыстар (NO_3^{-}).

Күкірттің көзі жоқ, көміртектің және CO_2 көзі ретінде глюкозаны енгізеді.

Микроорганизмдерді мутагенмен өңдегеннен соң оларды, өсуін тежейтін немесе тоқтататын, олардың аналогтары қатысында культивирлейді (өсіреді). Бұл кезде, сол немесе басқа да жолымен негативті регуляцияның кедергілерін жеңіп шыққан клеткалар ғана тірі қалады.

Дағдыдағыдай, штамм-продуцент өзінің геномында өте жоғары синтезге қажетті мутацияның бірнеше түрін алып жүруі керек. Сатылы сұрыптау стратегиясы микроорганизмнің геномына мутацияларды кезектестіре отырып енгізуге негізделген. Генетикалық алмасудың кез-келген әдісі, ұрпақтарындағы зиянды мутацияларды жойып, бір клеткада керекті мутацияларды жинауға мүмкіншілік береді.

Аэрацияны барботер арқылы стерилді ауаны немесе инертті газды (азотты) жібере отырып іске асырады. Бұл кезде ферментациялық ортаның бір уақытта араласуы жүреді. Биомассаның өсуін стимуляциялау немесе басу және мақсатты өнімдердің синтезін күшейту үшін қоректік ортаға микроэлементтер (Fe^{+2} , Mn^{+2} , Mo^{+} және т.б.) мен витаминдерді (Н, В₁, В₂, В₆, РР және т.б.) енгізу қажет болады.

Мутаген түрлері, олардың әсер ету механизмдері, мутация түрлері, мутанттардың скринингі туралы № 5 лекцияда “Биотехнологияның генетикалық негіздері” бөлімінде толығырақ айтылады.

Культураны сақтау. Егер ата-аналы және ұрпақтық клеткалар бір-бірінің іс-жүзінде ерекшеленбейтін болса және олардың арасында туысқандық байланыстарды белгілеуге болмайтын болса микроорганизм культураны (немесе штаммды) таза деп аталады. Әдетте, таза культуралар коллекциялық материал болып саналады. Микроорганизмдердің көбеюі спора түзу арқылы болуы үшін және микроорганизм культураны сақтау үшін оларды үнемі (айына бір рет, кейде жиі) қатты қоректік ортаға сеуіп отырады (Петри табақшасына н/е пробиркаға) және $+8+10^0$ С тоңазытқышқа сақтайды. Қоректік ортасының азайғанда клеткалық культураның өлмеуі үшін, оны үнемі жоғарыда аталғандай жаңа қатты (тығыз) ортаға қайта себеді.

Қоректік орталар және бастапқы шикі зат сапасының критерийлері. Биотехнологияның объектілерін (микроорганизмдерді, ұлпа және клеткалар культураны) өсіру үшін әртүрлі қоректік орталар қолданылады. Қоректік ортаны дайындау үшін микробиологиялық (биотехнологиялық) өндірісте минералды, өсімдік, жануарлық, сонымен бірге химиялық жолмен синтезделген шикі затты қолданады. Қоректік ортаның құрамына кіретін заттар культураның дамуын, керекті өнімдердің биосинтезін және жиналуын қамтамасыз етуі керек, сонымен бірге олардың құрамында зиянды қоспалар болмауы керек.

Қоректік орталар сұйық, қатты (тығыз) және жартылай қатты (жартылай сұйық) болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 13-беті

1. Сұйық орталарды әртүрлі заттардың сулы ерітінділері (еттің суы, әртүрлі гидролизаттар, сүт және т.б.) негізінде дайындайды

2. Қатты (тығыз) орталарды дайындау үшін сұйық орталарға агар, желатин, немесе силикагель белгілі концентрацияда қосады. Агар - бұл теңіз балдырлардан алынған полисахарид. Оның құрылысы тығыз-талшықты. Агар 100° С балқиды бірақ салқындатқанда

+45° С-қа дейін сұйық консистенциясын сақтап отырады. Оны қатты орталарға 1,5-3,0 % концентрацияда қосады.

3. Жартылай сұйық (жартылай қатты) орталардың консистенциясы агардың үлкен емес мөлшерін (0,3-0,7%) қосу арқасында тұтқыр болады.

Табиғатына байланысты қоректі орталар екі топқа бөлінеді:

- Табиғи, яғни қан, сүт, картоп, жұмыртқа және т.б. негізінде дайындалған.
- Жасанды, олар кеңінен қолданылады. Олар микроорганизмдердің өсуіне және көбеюіне керекті концентрацияларда және түрлердің үйлесуінде алынған қоректі заттардың жасанды, балансталған жиындықтар болып табылады. Олардың құрамына азот пен көміртектің универсалды көзі ретінде пептондар (ферменттер, мысалы, пепсин, көмегімен ақуыздарды толық емес ыдырату арқылы алынған өнімдер), әртүрлі гидролизаттар (балықты, казеинді, дрожжилық және т.б.) енгізеді. Жиі олардың құрамына өсуді жылдамдататын заттарды, ББЗ (беттік белсенді заттар), антибактериалды препараттарды қосады.

Қоректі орталарға қойылатын талаптар:

1. Олардың құрамына жеткілікті мөлшерде барлық қажетті қоректі заттар (энергия, азот, көміртек көздері), тұздар және өсуді жылдамдататын факторлар (микроэлементтер мен витаминдер) кіруі керек.
2. Қоректі ортаның, биообъектінің берілген түрінің өсуін қамтамасыз ететін, рН мәні оптималды болуы керек.
3. Қатты және жартылай қатты орталардың ылғалдылығы жеткілікті болуы керек, себебі орталар кепкен кезде заттардың, әсіресе тұздардың концентрациясы өсіп, микроорганизмдердің өсуін тежейді.
4. Бактериялардың культуралық қасиеттерін жақсы анықтау үшін қоректі орталар, мүмкіндік болса, мөлдір болуы керек.
5. Қоректі орталар стерилді болуы керек, бөгде микрофлора болмауы керек.

Қоректі орталардың компоненттерін таңдау кезінде бастапқы заттардың тек қана тазалығын (зиянды бөгде қоспалардың болмауын) емес, сонымен бірге бағасында есепке алуы керек.

Қолдану бойынша қоректі орталар келесі категорияларға бөлінеді:

- | | |
|-----------------------------------|---------------------------|
| 1. Универсалды. | 5. Арнайы. |
| 2. Дифференциалды-диагностикалық. | 6. Синтетикалық. |
| 3. Селективті (таңдалмалы). | 7. Жартылай синтетикалық. |
| 4. Дифференциалды-селективті. | |

Қоректі орталарды жалпы принципиалды схема бойынша дайындайды.

Тақырып бойынша тапсырма:

1. Тапсырма 1. Микроорганизмдердің әртүрлі топтары үшін қоректі орталардың рационалды құрамын таңдаңыз:

- а) Ішке арналған сұйық дәрілік түрлердің стерильдігін анықтау үшін;
- б) Ферменттік белсенділігі бойынша бактериялардың бір түрін басқасынан идентификациялау үшін.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 14-беті

Тапсырма 2. Берілген жазба бойынша Петри табақшаға құйылатын қоректік ортаны, сандық құрамын есептеп, дайындаңыз. Оны стерилдеу тәсілін көрсетіңіз.

Қарапайым қатты (тығыз агарлы) қоректі ортаның құрамы:

Пептон 1,0

Натрий хлориді 0,5

Агар 2,0

Тазартылған су 100 мл дейін.

30 минут 120^0 С немесе 1 сағат 100^0 С стерильдейді.

Тапсырма 3. Өнеркәсіптік өндірісте қолданылатын, липидтер мен каротиноидтарды синтездейтін мукор саңырауқұлақтарды өсіруге арналған, синтетикалық қоректік ортаны дайындап, стерилдеу тәсілдерін түсіндіріңіз.

Синтетикалық сұйық қоректі ортаның құрамы (C/N қатынасы 40:1):

Глюкоза 6,0

Мочевина 0,2

Магний сульфаты 0,05

Натрий хлориді 0,05

Бір орын басқан калий фосфаты 0,1

Дрожжи экстрактысы 0,05

Еківалентті темір сульфаты 0,001

Тазартылған су 100 мл дейін

Ортаның рН мәні 6,3-6,8

Глюкозаның және мочевианың ерітінділерін бөлек дайындап, бөлек стерильдейді. Культураны егудің алдында біріктіреді. 30 минут 120^0 С немесе 1 сағат 100^0 С стерильдейді. Араластырғаннан соң сақталу мерзімі 24 сағаттан аспауы керек.

Білім алушытер тапсырма орындау кезінде бастапқы компоненттердің табиғаты мен мөлшеріне теориялық дәйектеме беріп және стерильдеу жағдайларын дұрыс көрсетуі тиіс.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Бақылау сұрақтары:

1. Биотехнология объектілері ретінде не болып табылады? Олардың ерекшеліктері қандай?
2. Биотехнология объектілерінің қысқаша жіктелуін беріңіз.
3. Өнеркәсіптік продуценттердің номенклатурасын кеңейту қандай әдістерін білесіз?
3. Индукцияланған мутагенез және сатылы сұрыптау қалай жүргізіледі?
4. Жаңа штаммдарды және олардың негізінде жаңа продуценттерді алу негізгі жолдары қандай?
5. Культураны сақтау ережелері қандай?
6. Қоректік орталар қандай топтарға бөлінеді және бастапқы шикі зат сапасының критерийлері қандай? Қоректі орталардың құрамына қандай заттар енгізіледі?
7. Қоректі орталарда азот көзі ретінде не қолданылады?
8. Қоректі орталарда көміртек көзі ретінде не қолданылады?
9. Қоректі орталарға қандай талаптар қойылады?
10. Қоректі орталар қандай категорияларға бөлінеді, олардың ерекшеліктері неде?
11. Қоректі орталарды дайындау жалпы технологиялық схемасын беріңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 15-беті

Сабақ № 3

Тақырып 3: Өнімдерді биотехнологиялық өндірудің жалпы технологиялық схемасы
Ферментациялық жабдық. Технологиялық процесті бақылау және басқару.

Мақсаты: Қажетті өнімдерді биосинтез әдісімен өндірудің принципіалды технологиялық схемасымен, ферментациялық қондырғылармен, технологиялық процесті бақылау мен басқарумен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- қатты фазалық культивирлеудің ерекшеліктерін;
- терең культивирлеудің артықшылығы мен ерекшеліктерін;
- ферментациялық құрал-жабдықтар, ферментаторлардың түрлері, олардың жұмыс істеу принципі;
- қажетті өнімді биотехнологиялық синтез арқылы алудың принципіалды технологиялық схемасын, негізгі сатылары мен операцияларын;
- биотехнологиялық өндірістің асептикалық жағдайларын ұйымдастыруын;
- ферментациялық процесті жүргізу жағдайларын;
- биотехнологиялық процесті бақылау, басқару және оптимизациялау мүмкіншіліктерін.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биомассадан биотехнологияның өнімді алудың жалпы технологиялық схемасын дұрыс құрастыру.
- культуралды сұйықтықтан биотехнологиялық өнімді алудың жалпы технологиялық схемасын дұрыс құрастыру.
- биомассадан қажетті өнімдерді бөліп алудың және тазартудың тәсілдерін дұрыс таңдау.
- культуралды сұйықтан қажетті өнімдерді бөліп алудың және тазартудың тәсілдерін дұрыс таңдау.
- ферментациялық құрал-жабдықтарды дұрыс таңдау.
- биообъектінің (микроорганизмнің) өсуін реттеу.
- биотехнологиялық процеске бақылау және басқаруды дұрыс жүргізу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Дәрілердің өндірістік технологиясы. Фармацевтикалық өндірістің процестері мен аппараттары.
2. Араластыру. Араластыру тәсілдері. Қолданылатын қондырғылар.
3. Стерилдеу. Стерилдеудің әдістері мен тәсілдері. Қолданылатын қондырғылар.
4. Сұйық гетерогенді жүйелерді бөлу тәсілдері: фильтрлеу, центрифугалау, тұндыру, қолданылатын қондырғылар.
5. Еріткіштер мен экстрагенттер, олардың номенклатурасы, қасиеттері және оларға қойылатын талаптар.
6. Құрлысы жасушалық кептірілген және жас шикізаттарды экстракциялау теориялық негіздері. Қолданылатын қондырғылар.
7. Құрлысы жасушалық шикізаттан алынған сығындыларды біріншілік және терең тазарту тәсілдері. Қолданылатын қондырғылар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Биообъекттерді биотехнологиялық культивациялау тәсілдері.
2. Қатты фазалық культивациялау ерекшеліктері.
3. Терең культивациялаудың артықшылығы және ерекшеліктері.
4. Ферментациялық құрал-жабдықтар, ферменттердің түрлері, олардың жұмыс істеу принципі.
5. Қажетті өнімнің биотехнологиялық синтезбен алудың принципіалды технологиялық схемасы, негізгі сатылары (стадиялары) мен операциялары.
6. Биотехнологиялық өндірістің асептикалық жағдайларын ұйымдастыруы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 16-беті

7. Ферментацияның жүргізу жағдайлары. Ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштері.
8. Биотехнологиялық процесті бақылау, басқару және оптимизациялау мүмкіншіліктері, қолданылатын қондырғылар мен аспаптар. Биодатчиктер және биосенсорлар.
9. Биообъектінің (микроорганизмнің) өсуін реттеу.
10. Биомассадан қажетті өнімді бөліп алу және тазарту. Қолданылатын құрал-жабдықтар.
11. Культуральды сұйықтықтан қажетті өнімді бөліп алу және тазарту. Қолданылатын құрал-жабдықтар.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Керекті қасиеттерге ие қажетті өнімдерді алу биотехнологиялық тәсілдердің жоғары өнімділігі микроорганизмдердің, ұлпа немесе жасушалар культурасының тез көбеюі, яғни биомассаны тез өсіру қабілетіне негізделген. Соның нәтижесінде биомассада немесе культуральды сұйықтықта қажетті өнімнің жиналуы байқалады.

Тереңдік культивирлеу процессі жүргізу тәсіліне байланысты келесіге жіктелінеді:

- үздікті режимде;
- үздіксіз ағымды режимде.

Терең культивирлеуді аппараттарда жүргізеді, олар ферментаторлар немесе ферментерлер деп аталады.

Үздікті режимде қолданылатын ферментерлердің түрлері:

- барботажды; - механикалық араластырумен;
- эрлифтті (ағылш.: - air - ауа, life – көтеру); - барботажды-эрлифтті;
- циркуляциялық араластырумен барботажды; - эжекциялық жүйесімен және т.б.

Терең культивирлеуді үздіксіз ағымды режимде жүргізу барысында қолданылатын ферментерлер жұмыс істеу принципі бойынша (жүктеледі) жіктеледі.

- а) хеостаттар; б) турбидостаттар.

Ферментацияны жүргізу жағдайлары

Ферментация процесін жүргізуді қамтамасыз ету үшін қатаң түрде осындай жағдайларды бақылау қажет: бастапқы жасушалардың мөлшерін, қоректік ортаның сапасын, (құрамын), температураны, аэрация, қысым, араластырудың жылдамдылығын, жарықты, ортаның рН – мәнін.

Ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

1. Физикалық көрсеткіштері. Температура, қысым, жіберілетін күш қуаты, араластырғыштың айналу жылдамдылығы, көпіршіктенуі, ауа (инертті газ) ағымның жылдамдылығы, қоректік ортаны беру ағымының жылдамдылығы, түрбуленттілігі, лайлылығы, тұтқырлығы және т.б.

2. Химиялық көрсеткіштері. Ортаның рН мәні, тотығу-тотықсыздану потенциалы, жіберіліп жатқан газдағы (ауадағы) O_2 және CO_2 мөлшері, ортада еріген O_2 және CO_2 мөлшері, көміртектің құрамы, өсуді стимулдайтын заттардың мөлшері; азот, фосфор, Mg^{+2} , K^{+} , Ca^{+2} , Na^{+} , Fe^{+2} , SO_4^{+2} және т.б. мөлшері, синтезделетін өнімнің концентрациясы.

3. Биологиялық көрсеткіштер. Өнімнің мөлшері, бөгде микрофлораның болмауы.

4. Продуценттің физиологиялық жағдайы. Өсудің меншікті жылдамдылығы, оның морфологиялық жағдайы (клетканың олшемі, бөлінетін жасушалардың саны), биохимиялық бір қатар көрсеткіштері (PHK, ДНК, NAD, $NADH_2$, АТР, АМР, басты ферменттердің активтілігі).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 17-беті

Ферментацияға бақылау процессін автоматтандыру (жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер бойынша) бұл көрсеткіштерді тіркеп қана қоймай және оны реттеуге мүмкіндік береді.

Биотехнологиялық процесті оптимизациялау. Қазіргі заманда биотехнологиялық процесс ЭВМ-ні қолданусыз ферментацияны басқару жүзеге аспайды. ЭВМ көмегімен келесіні басқару мүмкін болады:

- ортаның оптимальды рН мәнін бір деңгейде ұстау;
- температураны оптимальды бір деңгейде ұстау;
- автоматты түрде көпіршіктенуді басу;
- араластырғыштың айналу жылдамдылығын реттеу;
- еритін O₂-нің сапасын бақылау;
- ферментатордан CO₂-нің шығаруын бақылау;
- субстраттың беру жылдамдылығын бір деңгейде ұстау және т.б.

ЭВМ-ді ферментациялық параметрлерді бағалау кезінде масштабтық эффектісін есепке алу үшін, сонымен бірге микроорганизмдер культурасының метаболизмдік өзгеруіне бөлек параметрлерінің әсерін анықтауға арналған анализ жасау үшін қолданылады. Оптимизациялау процессі оптимизациялауды қажет ететін өзгермелі параметрді қолдану талап етеді. Осындай параметрлер ретінде келесілер болып табылады (таңдалмалы түрде):

- Үздікті жағдайда ферментациялау кезінде алынған жалпы өнімі;
- Өнімнің түзілуі/(ферментерh_hсағат)
- Аппараттан шығарылып жатқан өнімнің концентрациясы (ферментация үздіксіз режимде);
- Бір ферментерден шыққан бір тонна өнімнің бағасы;
- Экстракциялау арқылы алынған бір тонна өнімнің бағасы.

Компьютерлік бақылау бастапқы шикізатты дозалық түрде қосуда және жалпы энергияныжіберуде өте маңызды. Ол әсіресе, өте бағалы шикізат пен субстратты талап ететін ферментациялау үшін маңызды болады.

Компьютерлік бақылаудың артықшылықтары – процесс параметрлерімен тез және эффективті басқару, керекті мағлұматтарды сақтау және қайта қайтару, өнімге сұраныс бойынша зауыттың жұмысы үлкен сәйкестікке келтіру, өндірісте ластаудың және қауіпсіздігінің едәуір сенімді бақылау.

Микробиологиялық синтезінің өнімдерін алу жалпы (принципиальды) технологиялық схемасы бір қатар негізгі (НТС) және көмекші (КТС) технологиялық стадиялардан тұрады.

КТС – 1. Культуральды органы дайындау: қоректік заттардың (витаминдер, микроэлементтер,көміртек, азот, тұздар және т.б.) композициясын құрастыру және стерилдеу.

КТС – 2. Егінді материалды дайындау (инколяторда жүреді).

НТС – 1. Биообъект-продуцентті (ферментациялау) культивирлеу.

НТС – 2. Культуральды сұйықтықтан биомассаны бөліп алу (филтрлеу, центрифугалау,сепарациялау, яғни тұндыру арқылы).

Егер қажетті өнім, негізінде, түзіліп биомассаның ішінде жиналса, онда ары қарай биомассаның өңдеуі жүреді (1-ші жолы). Әдетте, биомассада липидтер, фосфолипидтер, кейбір витаминдер, ақуыздар және т.б. түзіледі. Сол кезде қажетті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 18-беті

өнім культуральды сұйықтықта аз мөлшерде болады және оны бөліп алу рентабельсіз болады.

Егер синтезделетін қажетті өнім ферментация кезінде клеткадан культуральды сұйықтыққа шықса (клетка сыртына шығарылатын өнімдердің биосинтезі), ары қарай сол сұйықтықтың өңделуі жүреді (2-ші жолы). Әдетте, культуральды сұйықтыққа клеткадан антибиотиктер, ферменттер және т.б. бөлініп шығады. Сол кезде биомасса құрамындағы қажетті өнімнің мөлшері өте аз, сондықтан оны бөліп алу жұмысын жүргізу рентабельді емес.

1-ші жолы. Биомассаны өңдеу.

НТС – 3. Клетка ішілік қажетті өнімді бірмезетте экстрагирлеу арқылы бөліп алу үшін микроорганизмнің клеткасын бұзу сатысы, яғни клетка қабырғасын бұзу экстрагенттің ортасында жүреді. Ол келесі тәсілдермен жүзеге асады:

- а) дезинтеграция (механикалық, ультрадыбыстық); б) ферментативтік лизис;
- в) химиялық лизис.

НТС – 4. Экстрактты бөліп алу (центрифугалау, сепарациялау, мембраналық фильтрлеу).

НТС – 3. Экстракттан қажетті өнімді әртүрлі әдістер көмегімен бөліп алу және тазарту (этерификациялау, тұздықтау, көбінесе хроматографиялық әдістермен: колонкалық адсорбциялау және т.б. арқылы).

НТС – 6. Қажетті өнімді стандартизациялау.

НТС – 7. Қажетті өнімнен дәрілік түрді дайындау (таблеткалар, ампуладағы шаншуға арналған ертінділер, флаконадағы стерильді ұнтақтар және т.б.)

2-ші жолы. Культуральды сұйықтықты өңдеу

НТС – 3. Культуральды сұйықтықтағы қажетті өнімді концентрлеу (ультрафильтрлеу, ион алмасу хроматография, диализ арқылы).

НТС – 5. Экстракттан қажетті өнімді әртүрлі әдістердің көмегімен бөліп алу және тазарту (этерификация, тұздықтау, көбінесе хроматографиялық әдістермен: колонкалық адсорбция, жұқа қабаттағы хроматография, ион алмасу және т.б.).

НТС – 6. Қажетті өнімді стандартизациялау.

НТС – 7. Қажетті өнімнен дәрілік түрді дайындау (таблеткалар, шаншуға арналған ертінділер). Негізгі технологиялық стадияларда: НТС – 4 (1-ші жолы) немесе НТС – 3 (2-ші жолы)

қажетті өнімді ертіндіден бөліп алу үшін мембраналық фильтрация (немесе ультрафильтрация) кеңінен қолданылады. Қажетті өнімді бөліп алу мен тазартуда хроматографиялық әдістер маңызды роль атқарады. Сол кезде қолданылады:

- а) Гель-фильтрация немесе эксклюзивті хроматография.
- б) Ион алмасу хроматография
- в) Қайтымды фазалық немесе гидрофобты хроматография.
- г) Аффинді немесе лигандты хроматография (едәуір перспективті әдістер).

Тақырып бойынша тапсырма:

Тапсырма 1. Келесі биологиялық белсенді мақсатты өнімді бөліп алу үшін бастапқы шикізаттың тиімді түрін (биомасса немесе культуральды сұйықтық) анықтаңыз:

- а) Антибиотиктер
- б) Липидтер.

Тапсырма 2. Бірінші тапсырмада бойынша вариантына сәйкес шикізатты (биомасса немесе культуральды сұйықтық) өңдеу принципіальды технологиялық схемасын жазбаша түрде құрастырыңыз және оған теориялық негіздеме беріңіз.

1. антибиотиктер
2. липидтер

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 19-беті

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Биобъектіні биотехнологиялық культивациялау қандай әдістермен жүргізеді?
2. Қатты фазалық культивациялау ерекшеліктері неде?
3. Терең культивациялау ерекшеліктері мен артықшылықтары неде?
4. Қандай ферментациялық қондырғыларды білесіз?
5. Биотехнологиялық өндірісте ферментерлердің қандай түрлері қолданылады? Олардың жұмыс істеу принципі қандай?
6. Биотехнологиялық өндірісте асептикалық жағдайды қалай ұйымдастырады?
7. Ферментацияны жүзгізудің негізгі жағдайлары қандай?
8. Ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштері қандай?
9. Биотехнологиялық процесті бақылау, басқару және оптимизациялау қандай мүмкіншіліктері бар? Ол үшін қандай құрал-жабдықтар және аспаптар (приборлар) қолданылады? Биодатчик және биосенсор дегеніміз не?
10. Биобъектінің (микроорганизмнің) өсуін реттеудің қандай мүмкіншіліктері бар? Қандай мақсатта биобъектінің өсуін реттеуді жүргізеді?
11. Мақсатты өнімді биотехнологиялық синтезбен алудың принципиялыды технологиялық схемасын беріңіз. Негізгі сатылары мен операцияларын көрсетіңіз.
12. Мақсатты өнімдерді биомассадан бөліп алу мен тазарту қалай жүзеге асады? Ол үшін қандай құрал-жабдықтар қолданылады?
13. Мақсатты өнімді культуральды сұйықтықтан бөліп алу мен тазарту қалай жүзеге асады? Ол үшін қандай құрал-жабдықтар қолданылады?
14. Биотехнологиялық өндірісте мақсатты өнімдерден қандай дәрілік формалар дайындалады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 20-беті

Сабақ № 4

Тақырып 4: Егістік материалдарын дайындау. Таза дақылдарды бөлу. Өсіру. Биотехнология әдістері: беткейлік және терең культивациялау.

Мақсаты: Таза культураны бөліп алу техникасын, биообъектілердің өсу динамикасын және кинетикасын білу, сонымен бірге олардың микроскопиялық зерттеуін жүргізумен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- биотехнологиялық негізгі түсініктер мен терминдерді: микроорганизм культурасы, штамм жоғары продуценттер (суперпродуцент) және т.б.;
- биотехнология әдістерін;
- қоректік ортаның негізгі компоненттерін және бастапқы шикізаттың сапасын бағалау критерийлерін;
- егу ортасын дайындау технологиясын (ағарлы қатты және жартылай қатты);
- микроорганизмдердің физиологиялық қасиеттерін;
- микроорганизмдердің морфологиялық белгілерін;
- спора түзуді;
- микроорганизмдердің биохимиялық қасиеттерін;
- микроорганизмдердің өсу динамикасын.

білім алушы істей білуі тиіс:

- микроорганизмдердің таза культурасын бөлу технологиясын;
- егу ортасын дайындау (ағарлы қатты және жартылай қатты);
- микроорганизмдердің таза культурасын бөлу;
- микроорганизмдерді микроскопиялық зерттеу: морфологиялық белгілері, тинкториялық қасиеттерін және т.б. анықтау;
- биообъектілердің (микроорганизмдердің) өсуін реттеу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Микробиология. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары; бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микроорганизмдер үшін қоректік орталарды дайындау технологиясы.
3. Биообъектің микроскопиялық зерттеу тәсілдері, қолданылатын құрал-жабдықтар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Микроорганизмдердің таза культурасын бөліп алу технологиясы.
2. Биообъектің өсу динамикасы. Микроорганизмдердің және басқа биообъектілердің өсуін реттеуге мүмкіндік беретін факторлар.
3. Қоректік орталар, олардың түрлері, бастапқы компоненттердің сапа критерийлері.
4. Өсірілген биообъектілерді өнімін микроскоппен зерттеу техникасы.
5. Культураны сақтау.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Микроорганизмдердің спецификалық ерекшеліктері оларды систематизациялау, жіктелу және идентификациялау үшін қолданылатын қасиеттері мен белгілердің жинағымен тікелей байланысты.

1. Морфологиялық белгілері - өлшемдері, пішіні, өзара орналасу сипаты.
2. Тинкториальды қасиеттері - әртүрлі бояғыштармен боялу қабілеті, әсіресе ең басты белгісі ретінде Грам бойынша боялуы болып табылады. Ол бактерияның клетка

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 21-беті

қабырғасының химиялық құрамы мен құрлысына тәуелді. Морфологиялық қасиеттері және Грам бойынша боялуы ірі токсондарға (туыс, тұқымдас және т. б.) қатысын белгілейді.

3. Культураның қасиеттері – бактериялардың сұйық (плёнка түзілу, тұнбаға түсу, лайлану) және тығыз қоректік орталарда өсу (форма, өлшем, консистенция; колониялардың беткейі, шеттері, мөлдірлігі, пигмент түзілуі және т. б.) ерекшеліктері.
4. Спора түзу қасиеті – клеткада спораның орналасу мен формасының сипаты.
5. Физиологиялық қасиеттері – көміртеппен (аутоотрофтар, гетеротрофтар), азотпен (аминотрофтар, аминогетеротрофтар) қоректену әдісі; тыныс алу түрі (аэробтар, факультативты анаэробтар, қатаң анаэробтар, микроаэрофилдер).
6. Биохимиялық қасиеттері - әртүрлі көмірсутектерді ферменттер көмегімен ыдырату қасиеті; протеолитикалық белсенділігі; индолды, күкіртсутекті түзу қабілеті; уреаз және басқа ферменттердің түзілуі және т.б.
7. Клетка қабырғасының химиялық құрамы – негізгі қанттар мен амин қышқылдардың құрамы мен мөлшері.
8. Май қышқылдарының және липидтердің құрамы – май қышқылдарының құрамын зерттеу, бөлетін жоғары қабілетке және жоғары сезімталдыққа ие газдық хроматография арқылы жүргізеді.

«Колония» терминмен инкубацияның белгілі уақытында бактериялардың көбею және жиналу нәтижесінде түзілген қарапайым көзбен көрінетін бөлек тұрған (изоляцияланған) құрылымды белгілейді. Әдетте колония бір бастапқы немесе бірнеше бірдей келген клеткалардан түзіледі. Сондықтан изоляцияланған колонияны қайта-қайта егіп өсіру арқылы таза культураны алуға мүмкін болады.

«Культура» терминмен тығыз немесе сұйық қоректі ортада өсіп шыққан бактерияның бір түрінің жинағын белгілейді. Микроорганизмдердің колониясы сияқты, таза культураны да анықталған белгілермен сипатталады.

Биотехнологияның және бактериологияның негізгі және басты принципі – қателіктерді болдырмау үшін тек таза бірыңғай культуралардың қасиеттерін зерттеу

Бактериялардың берілген түрінен әр бөліп алынған культураны «штамм», яғни берілген түрдің жеке үлгісі, деп атауға болады.

Таза культураны бөліп алу кеңінен қолданылатын әдіс ретінде Дригальский бойынша әдіс болып табылады. Оның мәні келесіде: ет-пептондық ағары бар Петри табақшаға Пастер пипеткасы (ілмек) көмегімен зерттелетін материалдың бір тамшысын енгізеді. Стерильді шпатель көмегімен сол тамшыны қоректі ортаның барлық беткейіне тараты, содан соң сол шпательмен тағы да екі табақшаға егеді. Осындай егу нәтижесінде үшінші табақшада, кейбір жағдайда екінші табақшада да, бөлек колониялар өсіп шығады. Оларды макро- және микроскопия зерттеуден соң қоректі ортасы бар пробиркаларға егеді.

Бактерия популяциясының өсу ерекшеліктері

Бактериялық популяциясының өсу кинетикасы жеке клетканың өсу кинетикасымен анықталмайды, бірақ олардың арасында

m_1 – биомассаның зерттелген уақыт аралығының соңындағы мөлшері.

Бактериялардың көбею жылдамдығын (уақыт бірлігінде екі есе ұлғаю) келесі теңдеумен табады: n – ұрпақтардың саны (число поколений).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 22-беті


$$V_{cp} = \frac{m_1 - m_0}{t_1 - t_0},$$

m_0 -бастапқы биомасса мөлшері;

m_1 -зерттелген уақыт сегментінің соңындағы биомасса шамасы.

Бактериялар популяцияның өсу жылдамдылығы өзгермейтін мән болып саналмайды. Популяция дамуының келесі кезегімен өтетін сатылары (стадиялары) болады: лаг-фаза (адаптация фазасы – I); лог-фаза (II, III, IV); стационарлық фаза (керекті өнімнің жиналуы – V); автолиз (VI, VII, VIII).

Бұл фазалар бактерияларды бір керектік ортадан екінші, әдетте, олардың көбеюіне оптималды болып саналатын, керектік ортаға ауыстырылуы кезіндегі адаптацияның күрделі процестерін көрсетеді. Лаг-фазаның табиғаты көбісінде келесіге байланысты. Бұл кезеңде белок(ақуыз) синтездейтін жүйенің барлық компоненттердің, соның ішінде ең басты барлық биосинтез процестердің максималды белсенділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін рибосомалардың керекті мөлшерін түзу үшін, синтезі жүреді.



Сүрет 1. Үздікті культуры өсу стадиялары

I – лаг-фаза; II – өсудің оң жеделдетілген фаза; III –; IV – теріс жеделдетілген фазасы; V –стационарлық фаза; VI – жедедетілген жойылу фазасы; VII – логарифмдік жойылу фазасы; VIII– клеткалардың жойылу жылдамдылығының азаю фазасы.

Үздікті культураның даму келесі сатылары бактериялардың көбеюі жоғары жылдамдылығын көрсетеді. Содан соң, энергия және басқа да өмір сүруге маңызды метаболиттер көзінің бара-бара таусылуына байланысты, бактериялардың көбею жылдамдылығы төмендейді, ал стационарлық фазада – жаңадан пайда болған клеткалар мен өлген клеткалар тепе-теңдігі байқалады. Соңынан өмір сүруге қабілетті бактериялардың саны біртіндеп азаяды. Бұл бірнеше себептерден болуы мүмкін – энергия және басқа өмір сүруге маңызды метаболиттер көзінің азаюынан, ортаның рН және rH_2 мәндерін дұрыс реттеу мүмкін болмауынан, өсуді тежейтін метаболизм өнімдерінің жиналуынан және т.б., мүмкін болған, факторлар әсерінен. Сөзсіз, бактериялар популяциясы – таусылуы кері әсер көрсететін ортаға өте тәуелді болып келген өзінің өсуін өзі реттейтін жүйе. Өмір сүруге қабілетті клеткалар, осындай

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 23-беті

ортадан жаңа қоректі ортаға орналастырған соң, популяцияның даму бүкіл циклін толығымен қайтадан қайталайды.

Микроорганизмдерді (сонымен бірге басқа өнеркәсіптік және лабораториялық биообъекттерді) зерттеу тек микроскоп көмегімен орындалады. Ол үшін жарық микроскопы, қараңғы алаңдағы микроскопия, люминесцентті микроскопия, фаза-контрасттық микроскопия, кейбір жағдайда – электронды микроскоп қолданылады.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. Жазбаша түрде биообъект клеткалардың төменде көрсетілген сатыларда өсуі мен көбеюінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін физиологиялық жағдайларды көрсетіңіз. Оларға теориялық дәйектеме беріңіз:

- а) лаг-фазада;
- б) логарифмдік фазада;
- в) стационарлық фазада.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Микроорганизм, культура, штамм, колония және т.б. анықтамасын беріңіз.
2. Микроорганизмдердің таза культураларын бөліп алу әдістері қандай?
3. Биообъектің өсу кинетикасы мен динамикасы қандай? Биообъектілердің өсу периодтары.
4. Қандай сатыда ферментациялық процесті тоқтатып, мақсатты өнімдерді алуды бастаған дұрыс?
5. Микроорганизмдердің және басқа биообъектілердің өсуін қадағалауға мүмкіндік беретін қандай факторлар бар?
6. Биотехнологиялық өндірісте қолданылатын қандай қоректік орталарды білесіз? Олардың құрамын атаңыз.
7. Бастапқы компоненттердің сапа критерийлері.
8. Биообъектің культурасын микроскоппен зерттеу қалай жүргізіледі? Қандай мақсатта?
9. Микроорганизмдер культурасын сақтау қалай жүргізіледі?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 24-беті

Сабақ № 5

Тақырып 5: Гендік инженерияның негіздері. Геннің бастапқы құрылымы. Гендік инженерияның негізгі әдістері. Будандастыру Поликлонды және моноклонды антиденелердің алынуы және олардың қасиеттері. “In vivo” тәжірибесінде генетикалық қайта құру.

Мақсаты: Гендік инженерияның негіздері. Гендік инженерияның негізгі әдістері. Будандастыру Поликлонды және моноклонды антиденелердің алынуы және олардың қасиеттерімен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- молекулалық генетиканың жалпы түсініктерін: геннің біріншілік құрылысын, геннің реттеуші және құрылыстың бөліктерін, «үндемейтін» гендерді, генетикалық код және т.б.
- гендік ақпаратты тасымалданып берілуі, оның механизмін;
- гендік инженерияның әдістерін: мутагенез туралы түсінік, мутагендердің түрлерін, олардың әсер етуі механизмін, мутацияның негізгі типтерін, мутагенез әдістің кемшіліктерін және артықшылықтарын;
- сұрыпталу әдісін – мутанттардың скринингін, бағалы мутанттардың генетикалық тұрақтылығын сақтау проблемаларын;
- “жасушалық” инженерия әдісінің мәнін, микроорганизмдердің селекциясындағы гибридизациясы;
- гибридомалық технологиясын: жоғарғы организмдердің (жануарлар мен өсімдіктердің) соматикалық гибридтердің алынуын, олардың ерекшеліктерін, пайдалану салаларын, кемшіліктері және артықшылықтарын;
- поликлонды және моноклонды антиденелердің алу технологиясын;
- “in vivo” әдісінің тәжірибелерінде генетикалық қайта құруын: жүргізу әдістемесін, артықшылықтары және кемшіліктерін;
- плазмидалардың жалпы сипаттамасын;
- транспозон туралы жалпы түсінік.

Білім алушы істей білуі керек:

- Гендік инженерия, ұлпа культурасы, биотехнология саласында ғылыми, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану.
- Гендік инженерия және биотехнологияның жетістіктер арасындағы қарым-қатынасты жүргізу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

а) базалық білім бойынша:

1. Микробиология. Микроб жасушаның құрылысы (саңырауқұлақтар, қарапайымдар, бактериялар, вирустар).
2. Молекулалық генетиканың негіздері.
3. Дайын дәрілік түрлердің технологиясы: таблетка, ампулалардағы инъекцияға арналған ерітінділер, жағар майлар және т.б.

б) сабақ тақырыбы бойынша

1. Биотехнологияның ғылым ретінде анықтамасы.
2. Биотехнологияның объектітері. Олардың ерекшеліктері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 25-беті

3. Гендік инженерияның негіздері: молекулалық генетиканың жалпы түсінігі. Геннің біріншілік құрылысы.
4. Геннің реттеуші және құрылысты бөліктері, “үндемейтін” гендер.
5. Генетикалық ақпараттың тасымалдануы (трансформация, трансфекция, конъюгация, трансдукция)
6. Гендік инженерияның әдістері: мутагенез, сұрыптау әдісі – мутанттардың скринингі. Мутагендердің түрлері, олардың әсер ету механизмі. Мутациялардың негізгі түрлері. Бағалы мутанттардың генетикалық тұрақтылығын сақтау проблемасы.
7. “In vivo” әдісіндегі генетикалық қайта құру әдісі: жасушалардың қосылысу әдісі (гибридизация), оның артықшылықтары және кемшіліктері. Плазмидалардың жалпы сипаттамасы. Транспозондар туралы жалпы түсінік.
8. Гибридомалық технологиясы. Жоғарғы организмдердің (өсімдік, жануар) соматикалық гибридтері.
9. Гендік инженерияның және молекулалық биологияның адам мен жануарлардың ауруларын емдеу және алдын-алу үшін медицина, фармация және ветеринария саласындағы жетістіктері.
10. Гендік инженерия саласындағы ғылыми-ізденіс жұмыстарды жүргізудің жағдайлары.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Биотехнологиялық басты ғылыми-тәжірибелік бағыты ретінде гендік (генетикалық) инженерия болып табылады. Гендік инженерияның XX ғасырдың 70-ші жылдарында дербес ғылым ретінде бөлінуі білімдердің бұрыннан жиналып толықтануына логикалық негізделген. Соңғы 30-40 жыл ішінде генетикалық инженерияның дамуына молекулалық биология, жасушаның биологиясы, ботаника, вирусология, микроорганизмдердің генетикасы, химия және т.б. ғылымдардың жетістіктері белгілі роль атқарды. Бұл жағдай микробиологиялық өнеркәсібінде өнімділігі төмен «жабайың микроорганизмдерді керекті өнімдердің продуценттер ретінде қолданылуына байланысты. Осындай штаммдар негізінде өндірісті ұйымдастыру, әдетте, рентабельсіз (пайдасыз) болады. Антибиотиктердің ашылуына байланысты синтетикалық процессін орындайтын кейбір микроорганизмдер туралы айтуға болады. Дәл сол кезде эффективтілігі жоғары, яғни өнімдерді максимум түрде синтездеуге қабілетті, штаммдарды іздестіру мақсат қойылды.

Антибиотиктердің ашылу уақытына генетика гендерді қайта құру күшті технологияға – мутагенезге – ие болды. Бұл әдіс микроорганизмдермен, яғни әртүрлі өнімдер (антибиотиктер, ферменттер және т.б.) биосинтезінің продуценттермен селекциялық жұмыстарды жүргізу негізі болды. Айтып кетуі керек, 30-40 жыл арасында ең жақсы продуценттерді таңдап алу тиімділігі өте жоғары нәтижелерді көрсетті. Мысалы, пенициллиннің синтезі бойынша өнімділігі 300-400 есе, лизиннің өнімділігі 400-500 есе артты. Алынған нәтижелер бірқатар биосинтетикалық өнімдердің өз бағасын едәуір төмендетуге мүмкіндік берді. Енді олар медицина іс-тәжірибесінде, ветеринарияда, тамақ өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында кең қолданылады.

Жасушада басты рольді ядро, бактерияларда оның аналогы және вирустарда – шартты ядро ойнайтыны белгілі. Ядроның (немесе нуклеотидтің) тұрақты компоненті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 26-беті

ретінде ДНК болып табылады, ол хромосоманың құрамына кіреді (латынша chroma – боялған, түсті, soma – грек. – дене). Әр хромосоманың құрамына ДНК-ң тек бір молекуласы кіреді. ДНК-ң

молекуласында тізбекті ретімен өзін қайта жасайтын (самовоспроизведение) дискретті (discretus

– латынша – бөлектелген) бірліктер, яғни гендер (цистрондар) топталған. Цистрондарэлементарлы биотехнологиялық функцияға ие.

Геннің біріншілік құрылысы

Белгілі ген хромосома құрамында өзінің аллеломорфпен (allelus – грек - өзара) бірге бір локус алады (locus – латынша - орын). Аллеломорфты ген – бір геннің басқа түрі. Бір локустың екі аллельді гендердің өзара ерекшелігі: олардың біреуі доминантты, ал екінші рецессивті болып келеді. Әдетте, геннің жабайы (нормалды) аллель мутантты аллельге қарай доминантты болады.


Мутация – бұл геннің ұрпақтарға берілетін кенет өзгеруі.

Ген бірнеше мың қос нуклеотидтерден тұрады. Соның ішінде бір мутацияға бір, немесе жүз, немесе мың нуклеотидтер бірден ұшырау мүмкін. Сонда оны (оларды) мутацияның бірлігі немесе мутон деп атайды.

Рекомбинацияның бірлігі (рекон) ретінде бөлек муклеотид болып табылады.

Келесіні айыруы керек (сүрет № 1):

- құрылыстық гендер. Олар әр жеке белокты молекуланың синтезіне жауапты.
- реттеуші гендер (ген-регуляторлар), олар цитоплазмалық өнімдер-репрессорлардың (repressio – басу, латынша) синтезін белгілейді. Ал өнімдер-репрессорлардың белсенділігіне құрылыстық гендердің өзінің функциясын орындау қабілеті тәуелді, яғни репрессорлардың белсенділігі жоғарылаған сайын құрылыстық гендердің негізгі функциясы басылады;
- операторлар – бұл хромосомада құрылыстық гендердің қасында орналасқан учаскілер, осы генетикалық элементтер репрессорлардың әсер ету орны болып келеді.
- оперон – оператордың бақылауында тұратын құрылыстың гендердің біріккен тобы;
- терминаторлар – олар ақпараттың транскрипциясын (қайта көшіру) басады (тоқтады, болдырмайды) және белоктың синтезін үзеді.
- промоторлар (немесе инициаторлар) – операторлардың алдында орналасады және транскрипцияның бастапқы нүктелері болып табылады.



Сүрет 1. Р – ген-реттеуші; Про – промотор; О – оператор; С/г – құрылыстық гендер; Т – терминатор

ДНК құрамы өте баяу өзгереді, егер, мысалы, мутация нәтижесінде кейбір бөлек негіздердің алмасуы пайда болса. Осындай мутациялардың әсері кумулятивті, яғни жиналған түрде болады. Бақыланбайтын мутациялар әрдайым жүреді, оларсыз жер бетіндегі өмір, мысалы, амеба немесе бактерия деңгейінде тоқтап қалатын еді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 27-беті

ДНК (РНК) құрамында негіз қалайтын генетикалық ақпарат спецификалық (ерекшеленген) белокты молекулалардың синтезінде іске асады.

Генетикалық код – бұл полипептидті тізбек және ген (цистрон) арасындағы сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін, нуклетидтер тізбекті кезектілігі мен аминқышқылдар тізбекті кезектілігі арасындағы эквиваленттік жүйесі. Үш нуклеотидтің жинағы – триплет, немесе кодон деп аталады, ол бір белгілі аминқышқылға сәйкес болады.

Ал іс-тәжірибеде әр жеке аминқышқылға біреуден көп кодон сәйкес болуы мүмкін, бұл жағдайда кодты «вырожденный – теріс туылған», ал генді – “үндемейтін” деп атайды. Ол ДНК құрылысында кездейсоқ өзгерістерден клетканы сақтайтын генетикалық қор болып табылады.

Код, негізінде, универсалды болып келетіні дауылсыз дәлелденген, яғни әр түрлі организмдердің жасушалары және организацияланған бөлшектер (вирустар) бір “кодтық” сөздігіне ие, бірақ оның ішінде кейбір қосымшалар болуы мүмкін. Кодтық универсалдылығының арқасында генді инженерия теориялық және іс-тәжірибелік дамуын алды.

Генетикалық ақпарат келесі жолмен тасымалданады: **ДНК** РНК → ақуыз.

Ақпараттың РНК-дан ДНК-ға тасымалдануы мүмкін, мысалы: ретровирустарда, СПИД-вирусында, бірақ ешқашан да белоктан РНК-ға қарай тасымалданбайды.

ДНК-дан ДНК-ға (немесе РНК-дан РНК-ға қарай вирустарда) генетикалық ақпараттың тасымалдануы репликация немесе өзін екі есейту деп аталады.

Мутагенез туралы түсінік

Мутагенездің негізінде микроорганизмдердің өзгеруі жатады, сондықтан микроорганизм-дермен жұмыс істеу кезінде бір данасы (особь) емес, популяциясы объект ретінде қолданылады.

Популяция – бұл клеткалардың кездейсоқ еркін қиылысып өсуіне байқалатын кедергілері жоқ белгілі жағдайларда бірқатар үрім-бұтақ түрде өмір сүретін бір түрдің көптеген клеткалары. Бір популяциядағы жасушалар генетикалық бағдарламаның біртектілігімен және генетикалық ақпаратпен еркін өзара алмасу мүмкіндігімен сипатталады.

Популяцияның негізгі көрсеткіштері:

- тығыздығы - яғни көлем немесе аудан бірлігіндегі жасушалар саны;
- өсімі – уақыт бірлігінде пайда болатын жаңа жасушалар саны;
- жойылу – уақыт бірлігінде жоқ болатын клеткалардың саны.

Популяцияның сандық көрсеткіштің өзгеруі өніп өсу қисығымен немесе тірі қалу қисығымен көрсетіледі.

Микробтың **культурасы таза** болып саналады, егер үрім-бұтақ арасында мүлдем айырмашылықтары жоқ болса және олардың арасында туыскандық байланыстарды белгілеуге болмаса. Таза культуралар (популяция ретінде) генетикалық зерттеулер үшін аз немесе мүлдем жарамайды. Зерттеулерді, әдетте, клонды культураларда жүргізеді.

Клон – бұл жыныстан тыс өніп өсу нәтижесінде пайда болатын тұқымы біркелкі жасушалардан тұратын культура. Бірақ саңырауқұлақтардың (біржасушалық төменгі) клонды культураны алу қиын болады, себебі олардың жасушалары көп ядролы болуы мүмкін.

Мутация – ағза реакциясы нормасының генотипті және қайтымсыз өзгеруі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 28-беті

Ағза реакциясының нормасы – түрдің әртүрлі жағдайларда өмір сүру кезінде фенотиптің көрінісі.

Фенотип – нақтылы сыртқы жағдайларда байқалатын ағза нышандардың (белгілерінің) белгілі жинағы.

Мутацияны туғызатын факторларды мутагенді факторларды немесе мутагендер деп атайды.

Химиялық мутагендер: этилен туындылары, уретандар, алкилсульфонаттар, иприттер, этилениминдер және т.б.

Физикалық мутагендер: саулелер (ионизацияланған α -, β -, γ -саулелер; ультракулгінсаулелер), ультрадыбыс, жоғары t^0 -ра және т.б.

Биологиялық мутагендер – бактериялардың вирустары (фагтар, яғни бактериофагтар).

Мутагендер әсерінен тұқым қуалаушылық түрде өзгерген жасушаларды “мутантты жасушалар”, ал олардан алынған культураларды “мутант” деп атайды.

Мутациялар болады;

- индукцияланған (бақыланатын немесе бағытталған);
- кездейсоқ (спонтанды, яғни бақыланбайтын немесе бағытталмаған),

олар табиғи жағдай-да экспериментатордың қатысусыз жүреді.

Клеткалардың генотиптік өзгеруінің өмір сүру ортаның жағдайына адекваттылығы адаптация арқылы табиғи сұрыпталу барысында бағаланады, себебі мутанттар өмір сүруге қабілетті және қабілетсіз болуы мүмкін.

Мутациялардың түрлері:

- тұқым қуаламайтын модификациялар;
- ұзақ уақыт тұқым қуалайтын фенотипті модификациялар. Олар тек қана

клеткалық құрылыстарға, бірақ вирустарға емес, тән.

Микробтар, жоғарғы ағзалар ретінде туысты, бірақ генотипі бірдей емес жасушалардың арасындағы бар болған тұқым қуалайтын ақпаратты жинақтауға және қайта таратуға қабілетті. Бір клеткада екі әртүрлі клеткадан мутацияға ұшыраған гендерді қиыстыру процессі генетикалық рекомбинация деп аталады. Бұл процесс трансформация, трансфекция, конъюгация және трансдукция кезінде байқалады. Бұл кезде жасушалардың бірігуі нағыз түрде жүрмейді, генетикалық материалдың тек бөлігі ғана реципиент-жасушаға өтеді. Сонда толық емес диплоид – мерозигота (яғни толық емес зигота) түзіледі.

Трансформация – бұл бактериялық донор-жасушадан бактериялық реципиент-жасушаға химиялық таза ДНК-ң ақпаратын тасымалдану жүретін процессі. Реципиент-жасушада рекомбинация нәтижесінде геномның ерекше кезектілігінің орынбасу жүреді.

Трансфекция - бұл компетентті бактериялық жасушаға, ол фагтің ДНК-н жұтқан кезінде, ақпараттың тасымалдану жүретін процессі. Трансфекция кезіндегі компетентті жасушамен фагтің ДНК-н жұту процессі трансформация процессіне ұқсас, бірақ елеулі ерекшелінеді, себебі ДНК-ң фрагментациясы тек қана трансфекция кезінде жүреді. Процесс табиғи жолмен жасушалардың фагты бөлшектерімен залалдануға ұқсас жүреді.

Конъюгация – (лат. conjugatio – бірігу) жынысы әртүрлі бактериялық клеткалардың арасында орнатылған контакт кезінде еркек жасушадан ұрғашы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 29-беті

жасушаға генетикалық материалдың толығымен немесе жартылай тасымалдануы процессі.

Трансдукция – фаг көмегімен фагқа сезімтал реципиент-жасушаға бактериялық донор- жасушадан ДНК-ды тасымалдау процессі. Бұл кезде фаг донорлы мен реципиентті жасушалардың арасында (посредник) арада көмекші ретінде болады.

Мутантты жасушаларды алдын-ала өсуін басатын заттардың қатынасуында көбейтеді (сұрыптау әдісі – скрининг қолданылады). Содан соң керекті өнімді артық синтездеу арқылы зат алмасудың бұзылуын жеңген ғана мутанттарды (колониялардың формасы мен өлшемдері бойынша) сұрыптайды.

Гибридизация – биотехнологияның негізгі әдісі ретінде

Биотехнологияда микробтық протопласттардың бірігуі негізінде (парасексуальды гибридизация) гибридты жасушаларды алу әдісі кең қолданылады. Биотехнологияның бұл деңгейі “жасушалық” инженерия деп аталады. Осы жолмен гибридті ұрпағында бастапқы жасушалардың потенциалды белсенділігін жоғарылатуға жолы келді.

Мутанттардың скрининг (елеу, тандап алу, сұрыптау) көмегімен тұрақты метаболизмдік циклдерге қосылу нәтижесінде жеткілікті ұзақ байқалатын модификациялары бар жасушалары сұрыпталынады.

Гибридизация (hibrida - қиыстыру, аралас) бір микроорганизмде әртүрлі штаммдардың тілекке сәйкес (қажетті) қасиеттерді жинақтау үшін қолданатын болды. Әдетте, әртүрлі карама- қарсы типтерге жататын штаммдарды біріктіреді. Бактерияларда жыныс процессі конъюгация (conjugatio – лат. – бірігуі) деп аталады. Бұл – бір бактериялық жасушадан екіншіге генетикалық материалды тасымалдау тәсілі. Ол бір клеткадан екіншіге ДНК молекуласын тасымалдауға арналған екі клетка арасында ұзын көпірше түзілу арқасында іске асады. Конъюгация кезіндегі бактериялардың жыныс процессі сиымсыздық жүйемен бақылауға алынады.

Көпіршені түзу қабілеті бактериялардың (жыныс процессі) көптеген плазмидаларда кодталған (ақпарат ретінде жазылған). Сол көпірше арқылы олар өздерінің гендерін, кейбір жағдайларда донор-жасушаның гендерін де реципиент-жасушаға тасымалдайды. Донор- жасушаның гендерін тасымалдайтын плазмидалар, осылайша хромосомаларды мобилизациялау қабілетке ие болады. E. coli клеткаларында осындай F-плазмидалар жыныс фактордың ролін орындайды. Олар тек E. coli-дің емес, сонымен бірге туыс энтеробактериялардың (Shigella, Klebsiella, Salmonella, Erwinia) хромосомаларын мобилизациялауға қабілетті, сондықтан оларды әртүрлі тұқымдарға жататын бактериялар арасында гендерді тасымалдау үшін қолдануға болады.

Streptomyces-тің әртүрлі шырайларда қиылысу жүйелері жақсы дамыған, соның нәтижесінде бүгін шығарылатын антибиотиктердің 60% аса түрлерін алуға мүмкіндік болып жатыр, әсіресе оның жақын туыстарында (Nocardia – олар рифамициндерді синтездейді). Penicillium және Cephalosporium синтездейтін антибиотиктердің технологиялық шығымын жоғарлату үшін гибридизацияның парасексуалды циклі қолданылған №

Саңырауқұлақтарда конъюгациямен (вегетативті жасушалардың бірігуі) қатар қиылысуының басқа да түрлері бар, себебі көптеген микроскопиялық саңырауқұлақтарда нағыз жыныс циклі жоқ. Бұл жағдайда парасексуалды циклі (протопласттардың бірігуі) қолданылады, бірақ оның тиімділігі төмен.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 30-беті

Гибридомды биотехнология

Гибридома – бұл гибридизация, яғни конъюгация немесе басқа жолымен екі клетканың бірігуі нәтижесінде алынған клетка.

Жоғарғы организмдердің соматикалық гибридтері

1. Өсімдік жасушалардың (клеткалардың) соматикалық гибридтерді алу

Өсімдіктердің соматикалық клеткаларды протопласттарды біріктіру әдісімен (өсімдіктердің ұлпа және жасушалар культурасын алу әдісі – Лекция № 9) гибридизациясын орындау үшін келесі операцияларды жүргізу керек:

1. Протопласттарды бөліп алу.
2. Біріктіруді орындау
3. Клетка қабырғаларын регенерациялау (қайта құру).
4. Толығымен гибридті ядро алынғанша ядролардың бірігуін орындау.
5. Гибридті жасушаларды (клеткаларды) көбейту.
6. Бүтін өсімдікті регенерациялау.

Өсімдіктер протопласттардың бірігуін орындау, жалпы айытқанда, күрделі емес. Бірақ гибридті жасушаларды (клеткаларды) көбейту процессі және бүтін өсімдікті регенерациялау

қиындықтар туғызады. Бірақ қазіргі кезде мутантты өсімдіктер, яғни соматикалық гибридтер алынды.

2. Жануарлар жасушалардың (клеткалардың) бірігуі

Жануарлар клеткаларын бірігуін орындау және сүтқоректілердің клеткаларының бір түр ішінде және түрлер арасындағы гибридтерді алу микроорганизмдер және өсімдіктермен салыстырғанда оңайырақ болады, себебі сүтқоректілер клеткаларында біріктірудің алдында жою керек болатын клетка қабырғалары жоқ.

Ескерту керек: Өсімдік клеткаларының бірігуі кезінде гибридті өсімдік алынады, ал сүтқоректілердің клеткаларын біріктіру кезінде гибридті клетка алынады (яғни бүтін жануар алынбайды).

Гибридизация әдісі – моноклонды антиденелерді алу негізінде жатады.

Моноклонды және поликлонды антиденелер

Гомогенді (моноклонды) антиденелерді алуға мүмкіндік беретін гибридомалар технологиясын зерттеп ашудың алдында клиникалық медицинаның дамуына үлкен әсер “кәдімгі” (поликлонды) антиденелер көрсетті. Бұл кезде керекті антиденелерді көп мөлшерде алу иммунды жауаптың алдын-алу мүмкін еместігі қиындық туғызған және олардың титрі, қиыстырылған реакциялар сияқты, жануардан жануарға өткенде, сонымен бірге сарысу бірінші партиядан екінші партиясына дейін өзгеріп тұрған. Бұл келесіге негізделген: белгілі антиген антиденелердің бір жинағының түзілуін туғызған.

Антиденелер – бұл антиген енгізгенде ағзада жауапты түрде түзілген гликопротеидтер. Олар иммуноглобулиндер классына жатады, құрлысы бірдей дерлік болады және әртүрлі антигендерді байлауға қабілетімен ерекшелінеді. Медициналық іс-тәжірибеде γ-классының антиденелері (IgG, IgM, IgA, IgE, IgD) қолданылады.

Сүтқоректілердің клеткаларын біріктіру әдісін қолдану нәтижесінің бірі өте тез биотехнологияда пайдалануды тапты – миелома* клеткаларының қатысымен гибридизациялау арқылы алынған клеткалардың (гибридомалар) бір жинағы. Олардың көмегімен моноклонды антиденелерді алуға болады. Бұл әдісті Кембридж-де Мильштейн қызметкерлермен бірге жасап қолдануға ұсынды. Осы әдіс “ажалсыз”, яғни ағзаның иммунды статусына жауапты, антиденелерді түзетін нормалды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 31-беті

лимфоциттердің миелома клеткалармен бірігуі арқасында түзілген, клеткаларды жасауға негізделген. Осындай әдіспен моноклонды антиденелердің әр жеке жағдайда (әр жеке ауру үшін) тек бір түрін алады. Оларды қолдану салалары әр түрлі: вирусты және онкологиялық аурулардың диагностикасында, жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтауда (идентификацияда), ағзалардың трансплантациясында, ақ уыздарды иммун-адсорбция әдіспен тазартуда, интерферондарды тазартуда және т.б.

Ескерту: Миелома* - бұл иммунды жүйенің қатерлі ісіктер. Олар лимфоциттер линиясының бақылаусыз пролиферациялану (көбею) нәтижесінде дамиды. Бұл кезде көп мөлшерде миеломалық белок-антиденелердің тек бір типі синтезделінеді. Олар аномалды имуноглобулиндер деп аталынады. Миеломды белоктар – антиденелерді құрылымдық зерттеу үшін қолайлы нысана, себебі олар қатерлі ісікті плазмалы клеткалармен (бір қатерлі қайта туылған клетканың ұрпақтарымен) түзілетін құрылымды-гомогенді антиденелер болып табылады. Басқаша айтқанда, миеломалар моноклонды антиденелердің табиғи продуценттер болып табылады.

Моноклонды антиденерді алу негізінде, жоғарыда айтылғандай, гибридомалар технологиясы («клеткалық» инженерияның деңгейі) жатады. Бұл кезде (адамның перифериялық қаннан, көмекей бездерінен немесе көк бауырынан бөліп алынған) В-лимфоциттердің және сүтқоректілердің (тышқандардың, егеуқұйрықтардың, адамның) миелома клеткаларының гибридизациясын жүргізеді. Олардың бірігуі, мысалы, полиэтиленгликоль көмегімен

орындалады. Түзілген гибридома моноклонды антиденелерді синтездеп шығаруға қаблетті болады. Антиденелер өндірісінде биотехнологиялық процесс гибридомалық клеткаларды инкапсулаланған түрде өсіру әдісін қолдануға негізделген.

Капсулаларда клеткалардың тығыздығы (саны) белгілі деңгейге жеткенде антиденелер қарапайым тәсілдермен бөліп алынады және тазартылады. Осындай жолымен гомогенді (моноклонды) антиденелердің мүлдем шексіз мөлшерін алуға мүмкін болады.

«In vivo» генетикалық қайта құру

«In vivo» эксперименттік зерттеу 1969 ж. Бэквитц Дж. және Шапиро И. ДНК-н (гендердің) арнайы бөлінген фрагменттік зерттеу ойы генетикалық инженерияның дамуына үлес қосты. Олар E. coli-дің лактозды гендерді химиялық таза күйінде бөліп алды. Гендік инженерия, 1972 жылдан П. Берг өзінің әріптестерімен бірінші рекомбинантты ДНК-н алғанда, дербес салаға бөлінді. Дж. Бекуит (Дж. Бэквитц) әріптестерімен E. coli-дің химиялық таза лактозды генін бөліп алған уақыттан келе микробтық клеткаларының ұрпақты аппаратына инсулиннің, адамның соматотропты ген гормонның (өсу гормонның) және т.б. гендерін енгізуге жағдай болды.

Гендік инженерияның құрылуында үлкен рольді, ең алғаш Жаноб, Бренер және Кузэн қалыптастырған репликация моделі ойнады. Анықтау бойынша әрбір генетикалық құрылыс (хромосома, плазмида, бактериофаг) репликацияның бірлігі – репликон ретінде болады. Бұл гипотеза бойынша, неге жасушаға трансдукция немесе трансформация кезінде тасымалданған ДНК фрагменттері, егер олар хромосомаға қосылмаса және өзінің репликация аппаратының бақылауына түспесе, өз бетінше репликацияланбайтынын түсінуге болады. Плазмида немесе фагтың ДНК-н құрамында бөтен гендерді клондау өзінің репликация аппараты қамтамасыз етеді. Осындай молекулалар, өзіндік репликация аппаратын алып жүретін, векторлар деп аталады (vehicle – вектор).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 32-беті

Бактериялардың қасиеттері, биотехнология көзқарасынан қызықтық туғызатын, 1-ші лекцияда айтылғандай, плазмидалар көмегімен кодта жазылады. Плазмидалардың жалпы қысқаша сипаттамасы № 1 сабақтың ақпараттық бөлігінде берілген. Плазмидалар – хромосомалық ДНК-ға тәуелсіз бактерия клеткалардың ұрпағына тұрақты түрде өтетін, ДНК-лардың сақиналы молекулалары. Гендік инженерияда плазмидалар керекті гендерді клондау

үшін қолданылады. Плазмидалардың молекулалық массасы – 100-ден 200 мың-ға дейін. Ең майда плазмидалар орташа өлшемдегі 1-2 белокты кодтайды, ірілеу – 300 және оданда аса ақ уыздарды (белоктарды) кодтайды.

Қиыстыру кәдімгі жүйелерде генетикалық алмасуға қарсы болатын кедергілерді жеңу үшін протопласттарды (клетка қабырғылары жойылған жасушалар) біріктіру әдісі биотехнологияға кеңінен енгізілген.

Тақырып бойынша тапсырма

Тақырыптың бақылау сұрақтарын талқылап болған соң білім алушытер келесі тапсырманы орындау керек:

Тапсырма 1. Берілген варианттар бойынша тест сұрақтарына жауап беріңіз

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Молекулалық генетиканың жалпы түсініктерінің анықтамасын беріңіз. Геннің біріншілік құрылысы қандай, қандай бөлшектерден тұрады?
2. Геннің реттеуші бөліктерінің функциясы неде?
3. Геннің құрылыстық бөліктерінің қызметі неде?
4. Оператор, оперон, терминатор, промотор деген түсініктердің анықтамасын беріңіз.
5. “Үндемейтін” гендердің функциясы неде?
6. Генетикалық код дегеніміз не?
7. Генетикалық ақпарат қандай бағыттарда тасымалдану мүмкін?
8. Генетикалық ақпараттың тасымалдану механизмдері қандай? Трансформация дегеніміз не? Трансфекция дегеніміз не? Конъюгация дегеніміз не? Трансдукция дегеніміз не?
9. Популяцияға анықтама беріңіз. Оның негізгі сипаттамалары қандай?
10. Микробтың таза культурасы, клон деген түсініктерге анықтама беріңіз.
11. Мутация деген түсінікке анықтама беріңіз. Ағза реакциясының нормасы дегеніміз не? Фенотип дегеніміз не?
12. Қандай мутагендерді білесіз? Оларға қысқаша сипаттама беріңіз.
13. Мутациялардың механизмі бойынша қандай түрлері болады?
14. Мутациялардың қандай негізгі түрлері болады? Бұл кезде қандай мутанттар түзілуі мүмкін?
15. Мутагенез және сұрыптау әдісі (мутанттардың скринингі) бірге жүргізудің маңызы неде? Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
16. Бағалы мутанттардың генетикалық тұрақтылығын сақтау проблемасы неде?
17. “Жасушалық” инженерияның әдісінің, яғни жасушалардың қосылысу (бірігу) әдісінің - гибридизацияның мәні неде? Оның артықшылықтары және кемшіліктері неде?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 33-беті

18. Плазмидалардың жалпы сипаттамасын толығымен беріңіз. Олардың вирустардан айырмашылықтары неде?
19. Гибридомалық технологиясы мәні неде? Өсімдіктердің соматикалық гибридтері қалай алынады? Жануар клеткаларының соматикалық гибридтері қалай алынады? Өсімдіктер және жануарлар клеткаларының соматикалық гибридтері қалай ерекшелінеді?
20. Поликлонды антиденелер қалай алынады? Олардың кемшіліктері неде?
21. Моноклонды антиденелер қалай алынады? Олар қалай қолданылады?
22. “In vivo” әдісіндегі генетикалық қайта құру әдісінің мәні неде? Оны жүргізу әдістемесі қандай? Оның артықшылықтары және кемшіліктері неде?

Сабақ № 6

Тақырып 6: Амин қышқылдарының препараттары, алу әдістері, қолдану аумағы. Өндіруші штамдарды өсіру және жобалау. Биоситездің реттелуі.

Мақсаты: Акуыздарды, табиғи және жартылай синтетикалық аминқышқылдарды алу технологиясының тәсілдерімен және олардың өндірісте шығарылу ерекшеліктерімен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- аминқышқылдарды микробиологиялық тәсілімен алу өндірісінің артықшылықтарын;
- аминқышқылдарды түзетін микроорганизм-продуценттердің зат алмасуын реттейтін жүйесін өзгерту жағдайларын;
- ауксотрофты микроорганизмдер туралы түсінік;
- биотехнологиялық өндірісте аминқышқылдарды алу 1-ші тәсілін;
- биосинтезбен аминқышқылдарды алу 2-ші тәсілін;
- биотехнологиялық өндірісте аминқышқылдарды алу 3-ші тәсілін;
- аминқышқылдардың медицинада қолданылуын;
- аминқышқылдар препараттарының шығарылу формаларын;
- пептидтер және пептидті препараттар туралы түсінік, оларды гидробионттар негізінде алынуын.
- рекомбинантты акуыздар технологиясы.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биотехнология гендік инженерияға және ұлпа культураларына, салаларына арналған ғылыми, әдістемелік және анықтама әдебиеттерін қолдану;
- клетка ішінде және клеткадан тыс жиналатын аминқышқылдарды алу жалпы принципиалды технологиялық схемасын құрастыру, ферментациялық және басқа да технологиялық құрал-жабдықтарды дұрыс таңдау;
- ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштерінің бақылауын дұрыс жүргізу;
- биотехнология және гендік инженерия саласындағы жетістіктері мен арасындағы байланысты белгілеу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді өсіру қолайлы физиологиялық жағдайлар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Аминқышқылдарды биотехнологиялық тәсілімен алу өнеркәсіптік өндірістің дамуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 34-беті

2. Аминқышқылдарды түзетін жаңа штамм-продуценттерді іздестіру және зерттеу негізгі міндеттері.
3. Аминқышқылдарды микробиологиялық тәсілімен алу өндірісінің артықшылықтары.
4. Аминқышқылдарды түзетін микроорганизм-продуценттердің зат алмасуын реттейтін жүйесін өзгерту жағдайлары.
5. Ауксотрофты микроорганизмдер туралы түсінік.
6. Биотехнологиялық өндірісте аминқышқылдарды алу үш тәсілі.
7. Аминқышқылдардың медицинада қолданылуы, аминқышқылдар препараттарының шығарылу формалары.
8. Пептидтер және пептидті препараттар туралы түсінік.
9. Аминқышқылдар мен пептидті препараттардың гидробионттарды қолдану арқылы өндірістің даму перспективалары.
10. Ақуызды препараттар өндірісінің дамуы.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Аминқышқылдар (серотонин, аспарагин, гистидин, глицин, глутамин и глутаминовая кислота, изолейцин, лейцин, метионин, пролин, тирозин, триптофан, фенилаланин, цистеин)

медицинада операциядан кейін терапияда, ОЖЖ (ЦНС), бауыр ауруларын, асқазан мен 12-елі ішектің күйік жарасын емдеуде кеңінен қолданылады.

Аминқышқылдардың өнеркәсіптік өндірісі биотехнологияда ерекше орын алып отыр. Әр жылда әлемде, мысалы, глумин қышқылының өндірісі 800 000 тоннаға дейін, лизиннің – 200 000 тоннаға дейін жетеді. Аминқышқылдардың бір қатары (валин, лейцин, изолейцин, лизин, метионин, треонин, триптофан и фенилаланин) ауыстыруға болмайтындарға жатады және басқа аминқышқылдармен бірге іс-тәжірибелік медицинада қолданылады.

Кейбір аминқышқылдары тағам өнеркәсіпте қоректі қоспалар (аланин, аспарагиновая кислота, глицин, лизин) ретінде, антиоксиданттар ретінде(цистеин, метионин), хош иісті (глутаминовая кислота, глицин) және дәмдік заттар (глицин) ретінде, ауыл шаруашылықта – жем қоспалар (лизин, треонин) ретінде, химиялық өнеркәсіпте – полимерлердің синтезінде және косметикалық құралдардың өндірісінде бастапқы заттар ретінде қолданылады.

Аминқышқылдарды табиғи шикізаттан да (өсімдіктердің ақуыздарың гидролиздеу арқылы), сонымен бірге химиялық, микробиологиялық және ферменттік синтезбен де алуға болады. Химиялық синтезде ары қарай өндеуді талап ететін рацемат-өнім (рацемат – солға және оңға айналдыратын изомерлердің суммасы) түзіледі, ал микробтық синтез бен ферменттік өндеу жолы оптикалық таза аминқышқылдарды алуға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік көлемде аминқышқылдарды, негізінде, ақуыздық гидролизаттардан экстракциялау жолымен немесе спора түзбейтін топырақта өсетін екі грам-оң бактериялардың (*Corynebacterium* немесе *Brevi bacterium* spp.) метаболизм өнімдерін тазарту арқылы алады. Әдетте осы микроорганизмдердің өнімділігін жоғарлату үшін белгілі аминқышқылдарын түзуге қабілетті штамм-суперпродуценттерді мутагенез және ары қарай сұрыптау арқылы іздестіреді, бірақ штаммдарды алу осындай тәсілі көп уақыт талап етеді және оның тиімділігі төмен.

Альтернатива ретінде – белгілі биохимиялық реакцияларының басты ферменттерді кодтайтын спецификалық гендерді бөліп алу және өзгерту, мысалы, *Corynebacterium* бір түріне жататын *C. glutamicum*-мен синтезделетін триптофан аминқышқылын алу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 35-беті

гендік-инженериялық тәсілі. Ол үшін *C. glutamicum*-ның жабайы түрінің клеткасына триптофанның синтезін шектейтін антранилатсинтетаза ферментін түзілуін кодтайтын геннің копиясы енгізілген. Триптофан биосинтезінің жоғары деңгейіне жету үшін *C. glutamicum* клеткаларына үш басты ферменттердің (3-дезоксид-арабиногептулозонат-7-фосфатсинтетаза, антранилатсинтетаза және антранилатфосфорибозилтрансфераза) модификацияланған гендерін енгізді. Аминқышқылдарды синтездеу үшін альтернатива клеткалар ретінде *E.coli* клеткаларын қолдануға болады.

Микроорганизмдер қатысымен жүретін көптеген өндірістік процестердің құпиясы – қоректі ортаның жағдайларын өзгерту болап табылады, дәл соның есебінен керекті өнімнің асқын синтездеуін қамтамасыз етуге болады. Метаболизмнің қажетті дисбалансына келесі жолдарымен жетуге болады:

- субстраттың концентрациясы, ортаның рН мәні, өнімнің концентрациясы сияқты факторларды эмпирикалық жолымен өзгерту арқылы;
- немесе қоректі ортада басқа заттардың (металлдар иондарының, органикалық қоспалардың) мөлшерін шекті (критический) деңгейлеріне жеткізу жолымен.

Тәсіл. Аминқышқылдарды өндірісте шығару үшін бактериялар 50-ші жылдардан бастап қолданып жатыр. Штамм-продуценттерді бара-бара генетикалық әдістермен жақсартып тұрды: ауксотрофты мутанттарды және реттеуші қасиеттері өзгерген мутанттарды бөліп алу арқылы, себебі аминқышқылдардың көп мөлшерде түзілуін қамтамасыз ету үшін бәрі-бір зат алмасу процестерді реттеу жүйесін өзгертуі керек. Ол үшін келесі жолдарды қолдануға болады:

- биосинтездің кейбір жоолдарында субстратты пайдалануын және аминқышқылдардың қоректі ортаға бөліп шығаруын стимулдау;
- немесе жанама реакцияларды және аминқышқылдардың деградациялану процестерді басу.

Аминқышқылдарды түзу көптеген туыстардың бактериялары қабілетті:

Corynebacterium,

Brevibacterium, *Bacillus*, *Aerobacter*, *Microbacterium*, *Escherichia*. Оларды өнімділігі өте жоғары, сондықтан өндірістің рентабельділігі де жоғары. Бактериялардың жабайы штаммдардың қатысында L-глутамат, L-валин, DL-аланин, L-глутамин, L-пролин деген аминқышқылдардың өндірісі:

- осы бактерияларға тән метаболизмдердің ерекшеліктерін қолдануға негізделген;
- немесе сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне жауап ретінде аминқышқылдардың түзілуін стимулдауға негізделген.

Мысалы, қоректі ортаның құрамы өзгергенде кейбір бактериялар глутаматты 30 мг/л -ға дейін синтездеуге қабілетті. Өнімнің түзілуі ортаға β-лактамық антибиотиктерді (пенициллин, цефалоспорин C), беттік активті заттарды және майлы қышқылдарды қосқанда жоғарлайды. L- глутамат түзу арқылы жүретін ферментация процессінің қоректі орта құрамын өзгерткенде синтезді L-глутамин және L-пролин түзуге алмастыруға болады.

Ауксотрофты мутанттар сәйкес метаболизмдік жолының ингибиторларын түзуге қабілетсіз, себебі оларда басты ферментативті реакция жүрмейді. Сондықтан қажетті қоректі компонентінің мөлшері минималды болған ортада мутантты штаммды өсіргенде, ол бізге керекті заттын көзі ретінде заттарды немесе оларға құрылысы бойынша жақын басылған реакцияның метаболиттерін асқын мөлшерде түзуге қабілетті болады. Мысалы, ауксотрофты штаммдар L-аспартат асқын мөлшерде түзуге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 36-беті

қабілетті болады, ал ол L-лизин, L-треонин, L-метионин, L-изолейцин синтезінде көзі ретінде болады.

Биосинтездің тармақталмаған тізбектердің соңғы өнімдерін, мысалы, L-аргинин, жинақтауға қабілетті ауксотрофты мутанттар мүлдем алынбайды. Осындай жағдайда биосинтездің реттелуі жартылай бұзылған мутанттарды сұрыптап алады, соның нәтижесінде соңғы өнімнің технологиялық шығымының жоғарлауына жетуге болады. Осындай мутанттарды реттеуші деп атайды; оларды түзілген аминқышқылдардың тұрақтылығы бойынша бөліп алады. Олар бактериялардың өсуін тежеп, табиғи аминқышқылдардың биосинтезін қамтамасыз етеді және бір мезетте олардың ақуыздарға қосылу процессін басады. Мысалы, *Brevibacterium flavum* осындай механизм бойынша лизинді 33 мг/л-ге дейін синтездейді. Өнімнің шығымын жоғарлату үшін бір мезетте ауксотрофияны да, реттелуінің бұзылуын да пайдалануға болады. Реттеуші мутанттарды трансдукция жолымен алуға болады. Бұл кезде жеке мутацияларды сұрыптау арқылы бөліп алады.

2-ші тәсіл. Аминқышқылдарды биосинтетикалық негізін бастаушылардан түзуге болады, сонда метаболизмнің бақылауын (репрессияны, яғни басуын) айналып өтуге болады. Негізін бастаушылар ретінде глицин, формальдегид, формиат, саркозин, холин немесе метионин болуы мүмкін. Оларды конверсиялау үшін, сонымен бірге L-глутамат, L-метионин және ароматты аминқышқылдарды түзу үшін метанолда өсетін бактерияларды қолданады.

3-ші тәсіл. Ферменттер көмегімен аминқышқылдарды синтездеу. Ол үшін келесі ферменттер қолданылады:

- Гидролитикалық (гидролазалар) – ақуыздардың аминқышқылдарға дейін гидролизін тудырады;
- Лиазалар (жиі –дезаминирлеу реакциялында пайдаланады);
- Ферменттер, пиридоксальфосфат. Бұл әдетте аминқышқылдардың метаболизміне қатысатын коферменттер;
- Аминқышқылдардың дегидрогеназалары, мысалы, лейцин- және аланиндегидрогеназалар дезаминирлеу қайтымды реакциялардың катализі үшін пайдаланады;
- Глутаминсинтетаза глутаминді жоғары шығыммен (92 мл.%-ке дейін) алуға мүмкіндік береді.

Аминқышқылдар медицинада таблеткалар, инфузиялар ретінде қолданылады, ал кейбір олардың аналогтарын психикалық ауруларды, ми қан айналысун жақсарту үшін (глицин және т.б.) пайдаланады.

Пептидтер – пептидті байланыстар арқылы біріктірілген аминқышқылдардың қысқа тізбекшелері. Кез келген көзден алынған табиғи пептидтер универсалды болып келеді, олар сүт қоректілердің ағзасына, басты жүйелердің бірінің – иммун жүйесінің – қызметін стимулдап, қорғаныш әсер көрсетеді. Полипептидтерді алу үшін бағалы шикізат ретінде гидробионттар болып келеді. Гидробионттардан алынған бірінші препараты – ганглин. Оны 1981 ж. НПО

«Биомед» Тынық мұхиттің ұсақ балықтардың (кальмар) ганглияларынан пептидтерді бөліп алу және ультрафилтрлеу арқылы тазарту жолымен алады. Ганглиннің құрамына 45 пептидтік фракция кіреді. Ганглиннің иммуномодулирлеу қасиеттеріне байланысты оны кез келген екіншілік иммунжетіспеушіліктерді жою үшін қолданады. Препаратт иммунитеттің клеткалық пен гуморалды бөлімдердің реакцияларына және

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 37-беті

ағзаның спецификалық емес резистенттігіне реттеуші әсер көрсетеді. Сонымен бірге ганглин Т-лимфоциттердің түзілуін, дифференцирлеуін және қызметтік белсенділігін, қан сары суында спецификалық антиденелердің синтезін стимулдайтын макрофагтардың қызметтік белсенділігін күшейтеді, аутоиммундық процестердің дамуын басады, антигистаминдік, антисеротониндік, қабынуға қарсы қасиеттерге ие болып келеді.

Ганглин ветеринария үшін иммунжетіспеушілікті түзетуші және гемопоззге жағымды әсеркөрсетуші тағамдық қоспа ретінде тіркелген.

Гидробионттардың препараты – молокин – арқан балық безінің ішіндегі ұрығынан алынады, иммунреттеуші белсенділігімен қатар гонадотропты қасиеттерге де ие болып келеді.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. Микроорганизмдер-продуценттермен синтезделген аминқышқылдарды бөліп алу және тазарту тәсілдерін дұрыс таңдаңыз:

- мақсатты өнім клетка ішінде жиналған кезінде;
- мақсатты өнім клеткадан тыс секрециясы кезінде.

Тапсырма 2. 1-тапсырмаға сәйкес аминқышқылдарды бөліп алу және тазартуға арналған технологиялық қондырғыларды дұрыс таңдап сипаттамасын беріңіз.

Білім алушытер тапсырма орындау кезінде мақсатты өнімді бөліп алу және тазарту жағдайларын, қолданылатын технологиялық құрал-жабдықтарын дұрыс таңдап, оларға теориялық негіздеме беруі тиіс, сонымен бірге аппараттардың жұмыс істеу принципін сипаттауы керек.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

- Аминқышқылдарды биотехнологиялық тәсілімен алу өнеркәсіптік өндірістің дамуы қалай басталды? Аминқышқылдарының биотехнологиялық өндірісінің артықшылығы неде?
- Аминқышқылдарды түзетін жаңа штамм-продуценттерді іздестіру қалай жүреді және зерттеу негізгі міндеттері неде?
- Аминқышқылдарды түзетін микроорганизм-продуценттердің зат алмасуын реттейтін жүйесін өзгерту жағдайлары неде?
- Ауксотрофты микроорганизмдер туралы түсінікті беріңіз.
- Биотехнологиялық өндірісте аминқышқылдарды алу қанша тәсілі бар? Бірінші тәсілдің мәні неде?
- Екінші тәсілдің мәні неде?
- Үшінші тәсілдің мәні неде?
- Аминқышқылдардың медицинада қалай қолданылады? Аминқышқылдар препараттарының шығарылу қандай формалары білесіз?
- Пептидтер және пептидті препараттар туралы түсінік беріңіз. Олардың номенклатурасын келтіріңіз. Олар қалай қолданылады?
- Аминқышқылдар мен пептидті препараттардың гидробионттарды қолдану арқылы өндірістің даму перспективалары неде?
- Ақуыз өндіру үшін микроорганизмдерді пайдалану. Ақуыз өндіру үшін ашытқыларды пайдалану.
- Бактерияларды, балдырларды, саңырауқұлақтарды қолдану.
- Белоктарды тазарту әдістері. Сығынды дайындау.
- Жасушаның бұзылуы және экстракциясы. Экстрактты тазарту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 38-беті

Сабақ № 7

Тақырып 7: Бос және иммобилизацияланған ферменттер, витаминдер мен коферменттер негізіндегі дәрілік препараттар.

Мақсаты: Білім алушыларды ферменттердің, витаминдердің, коферменттердің биотехнологиялық өндірісімен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- биотехнологияның объектілерін;
- биотехнологияда қолданылатын әдістерді;
- продуценттердің өсу және ферменттер биосинтезі прекурсорларының негізгі топтарын;
- ферменттік препараттарды иммобилизациялау қажеттілігінің себептерін;
- Иммобилизация әдістерін;
- физическалық иммобилизация тәсілдерін;
- химиялық иммобилизация тәсілдерін.

білім алушы істей білуі тиіс:

- ферменттік препараттардың белсенділігіне талдау жүргізу;
- клетка ішінде және клеткадан тыс жиналатын аминқышқылдарды алу жалпы принципіалды технологиялық схемасын құрастыру, ферментациялық және басқа да технологиялық құрал-жабдықтарды дұрыс таңдау;
- ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштерінің бақылауын дұрыс жүргізу;
- биотехнология және гендік инженерия саласындағы жетістіктері мен арасындағы байланысты белгілеу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді өсіру қолайлы физиологиялық жағдайлар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Биотехнология ғылым ретінде, оның анықтамасы. Биотехнология объектілері, олардың ерекшеліктері.
2. Биотехнологиялық тәсілімен липидтерді алу өнеркәсіптік өндірістің дамуы. Липидтердің өндірісі үшін жаңа продуценттерді іздеітіру негізгі міндеттері.
3. Биотехнологиялық тәсілімен витаминдерді алу өнеркәсіптік өндірістің дамуы. Витаминдердің өндірісі үшін жаңа продуценттерді іздеітіру негізгі міндеттері.
4. Витаминдердің номенклатурасы және олардың жалпы сипаттамасы.
5. В₁₂ витаминнің негізгі продуценттері. Олардың сипаттамасы.
6. В₂ витаминнің негізгі продуценттері. Олардың сипаттамасы. «Суперсинтез» туралы түсінік.
7. С витаминнің негізгі продуценттері. Олардың сипаттамасы. Аскорбин қышқылы өндірісінің ерекшеліктері.
8. Д₂ витаминнің негізгі продуценттері. Олардың сипаттамасы. β-каротин өндірісінің ерекшеліктері.
9. Коферменттер және ферменттердің ингибиторлары (негізгі топтары). Негізгі продуценттері. Негізгі препараттары және олардың қолданылуы.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Ферменттер тірі организмдердің барлық клеткалар мен ұлпаларының құрамына кіреді және организмнің өмір сүру негізінде жататын процестердің ағынын реттейді. Осы процестердің түрлі-түрлігі ферменттердің көп санының бар белгілейді. Қазіргі таңда 3000 дерлік ферменттер сипатталған, оның ішінен шамамен 100 кристалды түрде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 39-беті

алынған. Өнеркәсіпте қазір 50 аса жеке ферменттер және екі есе көп қоспа түрде шығарылады. Олардың құрамына керекті заттан басқа, физико-химиялық қасиеттері бойынша жақын, ақуыздар кіреді.

Барлық ақуыздар сияқты, ферменттер молекулалық массасы 10 000-нан 1 000 000-ге дейін жоғары молекулалық қосылыстар болып келеді. Олардың құрылысы тұрақсыз, ортаның рН мәнінің және температураның өзгеруіне өте сезімтал. Әр фермент үшін ортаның рН мәнінің оптимумы бар. Ортаның рН мәнінің кез келген жаққа өзгеруі ферменттік реакция жылдамдылығының төмендеуіне алып келеді. Көптеген ферменттер үшін температураның оптималды мәні - +20-+40 °С. Температураның 40-50 °С-қа дейін, дағдыдағыдай, ферменттік белсенділігінің төмендеуіне және ақуыздың толық денатурациялануына да алып келеді.

Қазіргі таңдағы жіктелуіне сәйкес барлық ферменттерді, олар катализдейтін реакцияның түріне байланысты, 6 негізгі классқа бөледі:

- | | | |
|----------------------|------------------|------------------|
| 1. Оксиредуктазалар; | 3. Гидролазалар; | 5. Изомеразалар; |
| 2. Трансферазалар; | 4. Лиазалар; | 6. Лигазалар |
- (синтеазалар).

Өнеркәсіпте шығарылатын, соның ішінде медицина үшін, ферменттердің үлкен үлесі гидролаза классына жатады.

Ферменттерді гомогенді түрде алу қиындылығына байланысты (шығарылып жатқан препараттардың құрамында негізгі ферментпен қатар ілеспелі де ферменттер бар) өнеркәсіпте алынатын ферменттер негізгі, мөлшері едәуір көп, компонент бойынша жіктелінеді:

- | | |
|-------------------|-----------------------------|
| - амилолитикалық; | - целлюлозолитикалық; |
| - липолитикалық; | - протеолитикалық және т.б. |

Ферменттерді шығаратын өнеркәсіп АҚШ, Японияда, Ұлы Британияда, Германияда, Данияда, Голландияда, Францияда, Ресейде едәуір дамыған.

Экономика және технология көз қарасынан ферменттерді микроорганизмдер көмегімен алу өте тиімді, өсімдік және жануарлар клеткаларын өңдеумен салыстырғанда. Микробты клеткалар, өсуімен, дем алуымен және өнімдерді түзуімен байланысты биохимиялық

реакцияларды катализдеуге арналған, 2000 аса ферменттер синтездейді. Микроорганизмдердің культуралары қысқа уақытта арзан бастапқы заттарды пайдаланып ферменттердің үлкен мөлшерін түзуге қабілетті. Биологиялық объектерде ферменттер клеткалардың әртүрлі құрылымдық бөлшектердің беткейінде байланысқан түрде болады және өзінің белсенділігін ұзақ уақыт бойы сақтайды. Осы ферменттердің көбісін бөліп алуға болады, олар клеткаға тәуелсіз өзінің белсенділігін көрсетуі мүмкін.

Биотехнологиялық тәсілмен алынған әр жеке ферменттік препараттың атауы микроорганизм-продуценттің қысқартылған атауынан және «-ин» жалғаудан тұрады. Мысалы, *Aspergillus oryzae* және *Bacillus subtilis* микроорганизмдердің культураларынан алынған амилолитикалық ферменттік препараттарды сәйкес: амил-ориз-ин (амилоризин) және амил-о- субтил-ин (амилосубтилин) деп атайды. Содан соң микроорганизмді өсіру тәсілін және ілеспелі заттардан тазалығы деңгейін белгілейтін индекс жазылады. Беттік культивирлеу тәсілінде «Пң (поверхностное культивирование), «Гң (глубинное культивирование) әріптер қолданылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 40-беті

Дәрілік препараттардың өнеркәсіптік өндірісі үшін коммерциялық мөлшерде белсенділігі жоғары ферменттерді алуға мүмкіндік беретін және қол жеткілікті көздер қызықтық тудырады. Осындай көздері ретінде микроорганизмдер болып келеді.

Ферменттік препараттардың өнеркәсіптік өндірісі, негізінде, зеңдік саңырауқұлақтар, бактериялар, дрожжи, актиномицеттер көмегімен орындалады. Соңғы жылдары негізінде *Aspergillus*, *Penicillium* и *Rhizopus* туыстардың мицелиалды саңырауқұлақтар, сонымен бірге *Bacillus*, *Escherichia coli* және т.б. туыстардың бактериялары қолданылады. Олар өзінің құрамы бойынша түрлі-түрлі ферменттердің үлкен санын түзуге қабілетті. Бұл олардың ферменттік аппараттың спецификалық қабілеттерге, көбеюге жоғары қабілетке және қоршаған ортаның әртүрлі жағдайына бейімделуге байланысты.

Террилитин, ораза, солизим, стрептолиаза, стрептодеказа, аспарагиназа, пенициллиназа препараттары туралы «Технология лекарственных форм» оқулықта, тарау 19 «Ферменты микробиологического синтеза. Имобилизованные ферменты (под ред. проф. Л.А.Ивановой), том 2, 1991, 476-483 б. жазылған.

Микробтық ферменттік препараттар тағам өнеркәсіпте және ауыл шаруашылықта (өсімдік шаруашылықта, жануар шаруашылықта, құс шаруашылықта, балық шаруашылықта және т.б.) кең қолданылады. Қолдану бойынша ферменттік препараттар цифрлік индексмен ерекшеленеді: тағам өнеркәсіпте пайдаланатын ферменттік препараттар Г10х индексмен белгіленеді, ветеринарияда қолданылатын – Г3х индексмен. Мысалы, шараптар, сөлдер, сыра өндірістеріне құрамында крахмалы бар шикізатының гидролизін жүргізу үшін қолданылатын глюконаза Г10х, амилоусубтилин Г10х және т.б. ферменттік препараттарды *Vac. subtilis* әртүрлі штаммдарынан алады.

Ветеринария үшін бірқатар биотехнологиялық препараттар да (вакциналар, сары сулар, емдік құралдар) алынады:

- колитин Г3х - *Aspergillus species* терең культивирлеу арқылы алынатын, жануарлар мен құстардың асқазан-ішек трактысының ауруларын (колибактериоз, сальмонеллез және т.б.) емдеуге және алдын-алуға арналған ферменттік препарат;
- стрептолитин Г3х – *Streptomyces species* көмегімен алынған ферменттік препарат сиырлардың эндометриозын алдын-алу және емдеу үшін, сонымен бірге микробиологиялық өнеркәсіпте пайдаланатын белоктық гидролизаттарды ет қалдықтарынан алу үшін қолданылады;
- лизоцим Г3х – тауық балапандарының өсуін стимуляциялау үшін, сонымен бірге жануарлар мен құстардың асқазан-ішек трактысының ауруларын (колибактериоз, сальмонеллез және т.б.) емдеуге және алдын-алуға арналған мультиэнзимдік композицияның компоненті.

Рекомбинантты ДНК технологиясында ДНК-ң екі-спиральді молекуласын ажырату үшін әртүрлі ферменттер қолданылады (ревертаза, кері трансфераза және т.б.).

Рестриктазалар да кең қолданылады. Мысалы, гендік инженерияда және кезектілігі бақыланатын нуклеотидтері бар жоғары молекулалық поли-дезоксирибонуклеотидтік тізбектерді синтездеу үшін поли-ДНК-(дезоксирибонуклеотид)-лигаза немесе ДНК-лигаза және т.б. қолданылады.

Биотехнологиялық тәсілімен алынған уреаза, лизиндекарбоксилаза және т.б. ферменттерклинико-диагностических лабораторияларда биологиялық сұйықтықтарды талдау үшін пайдаланады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 41-беті

Ферменттерді түзетін микроорганизм-продуценттердің ферментациялау барысында қоректі ортаға өсуді және биосинтезді стимуляциялайтын заттар қосылады. Мысалы, аминқышқылдарды қоректі ортаға қосу сәйкес декарбоксилазалардың синтезін инициациялайды. Ортаға аргининді қосу аргиназаның синтезін индукциялайды. Қоректі ортада әртүрлі полимерлердің болуы бір мезетте протеазалар, амилазалар, нуклеазалар, липалаз комплексінің түзілуіне алып келеді. Ортада мочевианың жоғары концентрациясы уреазаның биосинтезін стимулдайды. Микроорганизмдердің өсуіне және ферменттердің биосинтезіне едәуір үлкен әсер кальций, магний, марганец, мырыш және т.б. иондар көрсетеді. Темір мен магнийдің ионадары протеолитикалық ферменттердің белсенділігін және тұрақтылығын арттырады. Қатал анаэробтарға жататын ферменттердің продуценттері өсірудің толық оттегісіз жағдайларды және күрделі, толық құнды орталарды талап етеді. Культивирлеу процесті осы жағдайда едәуір қарапайым ферменттерлерде жүргізуге болады, себебі аэрация және араластыру керек емес.

Сонымен, қажетті өнімдерді продуцент арқылы бағытталған түрде биосинтездеуін қамтамасыз ету үшін қоректі орталарды және культивирлеу жағдайларды оптимизациялау жоғары тазартылған ферменттерді алуға арналған биотехнологиялық процестерді жасауда маңызды этап болып келеді. Культура арқылы қажетті өнімді көп мөлшерде және бөгде ақуыздарды минималды түрде биосинтездеу ары қарай ферменттерді бөліп алу мен тазалау операцияларын едәуір жеңілдетеді.

Алынған ферменттік препараттарды стандарттағанда олардың ферменттік белсенділігін анықтайды. Ферменттердің белсенділігін Халықаралық бірліктермен (МЕ – Международные единицы) немесе әсер ету бірліктермен (ЕД – единицы действия) белгілейді.

МЕ – бір минутта берілген жағдайда субстраттың бір микромолияның өзгеруін катализдейтін ферменттің мөлшері.

ЕД – жеке статьяларда мәні көрсетілген шартты бірлік.

Препараттың меншікті белсенділігі – препараттың 1 мг-на және ақуыздың 1 мг-на есептегенде ферменттің ферментативтік белсенділігінің бірлігі (МЕ немесе ЕД) бойынша көрсетіледі (екінші мән – ЕД – препараттың тазалығын сипаттайды).

Препараттың дозасы дәрілік түрдің бір бірлігіне есептегенде ферментативтік белсенділігінің бірлігімен (МЕ немесе ЕД) көрсетіледі.

Ферменттердің сыртқы ортаның әртүрлі факторлардың (ортаның рН мәніне, температураға) әсеріне жоғары тұрақсыздығы, ағзада тез белсенділігін жоғалтуы және ағзада тез бөлініп шығуы, ағзаға бөтен туыс ақуыздардың антигендік қасиеттерінің болуы едәуір маңызды дәрежеде ферменттерді иммобилизацияланған түрде қолданғанда жоюға мүмкін болады.

Ферменттерді иммобилизациялау мақсаты – олардың тұрақтылығын арттыру. Иммобилизацияның физикалық (ерімейтін тасымалдағыштың беткейінде адсорбциялау, гелге енгізу, микрокапсулалау, липосомалардың ішіне енгізу және т.б.) және химиялық (ковалентті байланыстарды түзу, металлохелатты тәсіл) әртүрлі тәсілдері бар. Оларды қатал асептикалық жағдайда жүргізеді, бірақ ферменттер, антигендер, антиденелер сияқты биологиялық белсенді молекулаларды иммобилизациялау белгілі тәсілдердің бірде бірі универсалды болып келмейді. Иммобилизация әдістері мен тәсілдері туралы толығымен «Технология лекарственных форм» оқулықта, тарау 19 «Ферменты микробиологического синтеза. Иммобилизованные ферменты» (под ред. проф. Л.А.Ивановой), том 2, 1991, 476-483 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 42-беті

жазылған. Микрокапсулалау технологиясы да сол «Технология лекарственных форм» оқулықта, тарау 11, 11.4 бөлімі «Микрокапсулирование» (под ред. проф. Л.А.Ивановой), том 2, 1991, 238-243 б. жазылған.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. Төменде берілген ферменттік препараттардың құрамындағы белоктың (ақуыздың) мөлшерін биурет реактивін қолдана отырып колориметриялық әдіспен анықтаңыз:

- А) Террилитин
- Б) α -Амилаза
- В) Пенициллиназа.

Биурет реактиві көмегімен ақуыздың мөлшерін колориметриялық әдіспен анықтау әдістеме

Ферменттер табиғаты бойынша ақуыздарға жатады. Ақуыздар – L-аминокышқылдардан құрылған жоғары молекулалық табиғи органикалық қосылыстар. Ақуыздың сандық мөлшерін анықтау үшін колориметриялық және спектрофотометриялық әдістер қолданылады, кейбір жағдайларда ақуыздар препараттағы жалпы азот мөлшері бойынша анықтайды. Бұл әдіс сілтілі ортада күлгін түске боялған ақуыздың молекуласындағы пептидті байланыстардың екі-валенттік темір иондарымен комплекс түзілуіне негізделген.

Биурет реакцияны аммоний тұздардың қатысында жүргізуге болмайды, себебі мыс-аммиак комплекстері түзіледі.

1-10 мг зерттелетін ақуызы бар препараттың 1 мл ерітіндісін пробиркаға құйып 4 мл биурет реактивін қосады. Араластырып 30 минутқа бөлме температурада қалдырады.

Ерітіндінің оптикалық тығыздығын спектрофотометр көмегімен 540-650 нм толқын ұзындықтар диапазонында қалыңдығы 10 мл кюветада анықтайды. Салыстыру ерітінді ретінде препаратсыз осы реактивтердің қоспасын қолданылады

Калибрлік графикті ақуыздың стандартты үлгісінің 1-ден 10 мг-ға дейін концентрациялар арасында толқынның таңдалған ұзындықта ерітінділердің оптикалық тығыздығын өлшеп құрастырады.

Биурет реактивін дайындау. Мыс сульфатының 0,75 г және натрий-калий тартратының 3,0 г алып, сымдылығы 1 л өлшегіш колбада судың 250 мл ерітеді. Содан соң оған қатты араластыра отырып, CO_2 -ден бос 150 мл натрий гидроксидінің 10 %-тік ерітіндісін және калий иодидінің 1 г қосып, тағы да араластырады. Қоспаны сумен белгіге дейін жеткізеді. Ерітіндіні арнайы (полиэтиленді) құтыда сақтайды.

Тапсырма 3. Ситуациялық есепті шешу:

Аскорбин қышқылының субстанциясын алу органикалық және микробиологиялық синтез әдістерін біріктіретін көп сатылы процесс.

Аскорбин қышқылының қандай ізашары биотехнологияны қолдану арқылы алынады және бұл кезеңнің бүкіл процесс үшін маңызы қандай?

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 43-беті

1. Биотехнологияның объектілеріне не жатады? Олар қалай жіктеледі?
2. Ферменттердің ақуызды заттар ретінде анықтамасын, жіктелуін, жалпы сипаттамасын беріңіз.
3. Ферменттік препараттардың атауын құрастыру ережелері неде? Олардың қандай индекстері болады?
4. Биотехнологиялық тәсілімен алынатын дәрілік, ветеринариялық, диагностикалық ферменттік препараттардың номенклатурасын келтіріңіз.
5. Клетка ішінде және клетка сыртында жиналатын ферменттерді алу жалпы принципіалды технологиялық схемасы қандай сатылардан тұрады?
6. Ферментациялық процесті сипаттайтын негізгі көрсеткіштері қандай? Ферментацияны жүргізу барысында қандай жағдайларды қатал түрде бақылауы қажет?
7. Продуценттердің өсуін және ферменттердің биосинтезін стимулдайтын заттардың қандай негізгі топтарын білесіз?
8. Ферменттік препараттардың стандарттауы қалай орындалады? Қалай белгіленеді?
9. Ферменттік препараттарды иммобилизациялау қажеттілігін белгілейтін себептері неде?
10. Физикалық иммобилизациялаудың қандай тәсілдері бар? Олар қалай орындалады?
11. Химиялық иммобилизациялаудың тәсілдері бар? Олар қалай орындалады?
12. Ферменттік препараттардың негізінде шығарылатын дайын дәрілік түрлердің номенклатурасын келтіріңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 44-беті

Сабақ № 8

Тақырып 8: Иммунобиотехнология негізінде дәрілік және диагностикалық препараттарды алу.

Мақсаты: Білім алушыларды иммунобиотехнология негізінде дәрілік және диагностикалық құралдарды алу технологиясымен, олардың номенклатурасымен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- иммунитеттің жалпы анықтамасын, бөтен туысты агенттер туралы түсінік;
- иммунитеттің түрлерін, сонымен қатар антимикробтық иммунитеттің түрлерін;
- иммундық жауаптық механизмін: аяқталған және аяқталмаған фагоцитоз;
- қорғанғыштық спецификалық факторын – бөтен туысты агенттерге қарсы антиденелерді түзу;
- диагностикумдар, моноклонды антидене, олардың қолданылуын;
- резистогендер және биосенсорлар,
- вакциналар, олардың жіктелуін, алу технологиясын;
- токсидтар, олардың ерекшеліктерін.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биотехнология саласында ғылыми, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану;
- гендік инженерия және биотехнологиялық жетістіктер арасындағы қарым-қатынасты жүргізу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары

негізгі білім бойынша:

1. Микробиология. Микроб жасушаның құрылымы (саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар, қарапайымдар).
2. Молекулалық генетиканың негіздері.
3. Дайын дәрілік түрлердің технологиясы; таблетка, ампуладағы инъекциялық ертінділер және ампула мен флакондағы лиофильді ұнтақтар және т.б.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Биотехнология объектілері, олардың ерекшеліктері.
2. Иммунитеттің анықтамасы, бөтен туыс агенттер туралы түсінік.
3. Иммунитеттің түрлері, соның ішінде антимикробтық иммунитет түрлері.
4. Иммундық жауаптың механизмі: аяқталған және аяқталмаған фагоцитоз.
5. Спецификалық емес жалпы иммунитеттің гуморальдық факторлары.
6. Қорғаудың спецификалық факторы – бөтен туыс агенттерге қарсы антиденелердің түзілуі.
7. Диагностикумдар: моноклондық антиденелер, олардың қолданылу салалары.
8. Резистогендер және биосенсорлар.
9. Вакциналар, олардың жіктелуі және алу технологиясы.
10. Токсидтар, олардың ерекшеліктері.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Иммунобиотехнология туралы түсінік

Иммунитет – (лат. Immunitas - бір заттан босау) – макроорганизмнің туа немесе жүре пайда болған кез-келген оған генетикалық бөтен туыс агенттерге қарсы спецификалық бағытталған қорғау қабілеті. Сондай агенттерге жатады:

1. Микро- және макроорганизмдердің әртүрлі клеткалары, соның ішінде өз ағзаның өзгерген клеткалары.
2. Жоғарыда айтылған клеткалардың, антигендік қасиет көрсететін, құрылымдық компоненттері
 - белоктар, жоғары молекулалық полисахаридтер, глюкоконъюгаттар (гликопротеиндер, пептидогликандар, липополисахаридтер және т.б.).


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044 -43/11- (2023-24)	
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	88 беттің 45-беті	

Иммунитеттің түрлері:

1. Микробқа қарсы (схема 1).
2. Антитоксиндік – кейбір бактериялармен (*Clostridium tetani*, *Clostridium botulinum*, *Corynebacterium diphtheriae* және т.б.), өсімдіктермен (клевещина - *Rhizinus communis*), бауырымен жорғалаушылармен (ұлы сур жылан, кәдімгі оқ жылан және т.б.) түзілген токсиндерге қарсы.
3. Антитрансплантациялық – қан құйғанда немесе трансплантацияда бөтен туыс ұлпаларына қарсы.

Иммунитет ағзаның өзінің клеткалар мен заттардан генетикалық ерекшеленетін клеткалармен ағзаларды жоюға және өмір бойы ішкі ортаның тұрақтылығын сақтауға функционалды бағытталған болады.

Схема 1. Микробқа қарсы иммунитеттің түрлері



Иммундық жауаптың механизмі – жиі жағдайда қабыну процесі, яғни микробтардың, олардың өмір сүру өнімдердің және тағыда басқа факторлардың әсеріне қарсы ағза клеткаларының қорғаныс-бейімделу реакциясы. Қабыну процестің, микроорганизмдермен күресуді қамтамасыз ететін негізгі механизмі – фагоцитоз («клеткалармен жеу», греч. phagos – жұту). Фагоцитоз құбылысын И.И. Мечников (1892) ашқан. Фагоцитоз қан, көк бауыр, қара бауыр, плевра, сүйектер және т.б. макрофагтармен орындалады.

Егер микроорганизмдердің макрофаг ішінде толығымен жоюлуы жүрсе, оны аяқталған фагоцитоз деп атайды. Ал егер макрофаг ішінде секвестрациясы (инкапсулалану) жүрсе, яғни материал толығымен жойылмаса, оны аяқталмаған фагоцитоз деп атайды. Бұл жағдай туберкулез таяқшаларға, бруцелларға, гонококктарға, *Cryptococcus*, *Histoplasma* туыстың саңырауқұлақтарға тән, себебі олар микро- және макрофагтардың ішінде өмір сүруге қабілетін сақтаумен бірге белсенді түрде көбейіп, олардың опат болуына алып келеді. Вирустардың осы қабілеті

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 46-беті

лизосомалық протеазаларға және фагоциттік клеткалардың басқа ферменттерге жоғары тұрақтылығына байланысты.

Спецификалық емес жалпы иммунитеттің гуморалды факторларға

жатады:

- а) қанның бактерицидтік заттар:
 - лейкоциттерден бөлініп шығатын лейкоиндер;
 - эритроциттерден бөлініп шығатын эритрин;
- б) нормалды антиденелер;
- в) комплемент; қан сары суынан бөлініп шыққан г) пропердин;
- д) трансферрин и др.; е) интерфероны (Т- и В-лимфоциттерде түзілетін);
- ж) вирустарды нейтрализациялайтын ингибиторлар.

Интерферондар бағытталған түрде басқа клеткалық ақуыздың синтезін индукциялау арқасында вирустық мРНК-ң трансляциялану процессін және вирустық белоктың (ақуыздың) синтезін тоқтатады. Интерферондар ретімен Табиғи жұқтыру және вакцинация кезінде қоздырғыштың репродукциялану орындарда түзіледі, мысалы, оспаға қарсы вакцинаны енгізу кезде – теріде, тұмауға қарсы вакцинаны енгізгенде - өкпелерде, энцефалитке қарсы вакцинаны енгізгенде – мида. Содан соң түзілген интерферон қанға өтіп бүкіл ағзада таралады.

Қорғаныстың спецификалық факторы – таныған антигендерге қарсы спецификалық антиденелердің және сенсублизацияланған (лат. Sensibilis – сезімтал) лимфоциттердің түзілуі. Иммуноглобулиндердің (антиденелердің) продуценттері ретінде Т-лимфоциттер (тимус, яғни от лат. Glandus thymus – зобная, или вилочковая, железа – әсерінен ерекшелінеді) және В- лимфоциттер болып келеді.

Антиденелер немесе клеткалардың иммуноглобулиндік рецепторлардың антигенмен әрекеттесу спецификалығын антиген молекуласының белгілі (детерминантты учаскілері немесе антигендік детерминанта деп аталатын) учаскілерімен өте жоғары ұқсастығымен (жақындығымен – комплементтігімен – комплементарность) түсіндіруге болады.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. Хориондық гонадотропиннің сандық мөлшерін анықтауға арналған иммуноферменттік талдаудың әдісін жазып оған теориялық дәйектеме беріңіз.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Иммунитеттің анықтамасын беріңіз. Бөтен туыс агенттер туралы түсінік беріңіз.
2. Иммунитеттің қандай түрлері бар? Антимикробты иммунитеттің қандай түрлерін білесіз?.
3. Иммундық жауаптың механизмі неде? Аяқталған және аяқталмаған фагацитоз дегеніміз не?.
4. Спецификалық емес жалпы иммунитеттің гуморальдық факторлары қандай?
5. Қорғаудың спецификалық факторы қандай?
6. Диагностикумдар дегеніміз не? Моноклондық антиденелер қалай қолданылады? Қандай салаларда?
7. Резистогендер және биосенсорлар дегеніміз не?
8. Қандай вакциналарды білесіз? Вакциналар оларды алу технологиясы бойынша қалай жіктеледі?
9. Токсоидтар дегеніміз не? Олардың ерекшеліктері неде?
10. Медицина, фармация және ветеринария саласындағы гендік инженерия мен молекулалық биологияның қандай жетістіктерін білесіз?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 47-беті

Сабақ № 9

Тақырып 9: Антибиотиктер туралы түсінік, жіктелуі. Оларды алу технологиясы.

Антибиотиктердің антимикробтық белсенділігін анықтау

Мақсаты: табиғи және жартылай синтетикалық антибиотиктерді алу тәсілдері және өндіріс ерекшеліктері, сонымен қатар алудың арзан, биотехнологиялық әдістерін үйреу.

Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- биотехнологияның объектілерін, олардың жіктелуін;
- биоконверсияның әртүрлі варианттарын;
- биотехнологиялық тәсілімен алынатын антибиотиктердің өнеркәсіптік өндірісінің дамуын;
- жаңа антибиотиктерді іздестіруін және өндіріске енгізу негізгі мақсаттарын;
- пенициллиндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын. Олардың негізгі продуценттерін;
- цефалоспориндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын. Олардың негізгі продуценттерін;
- тетрациклиндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын. Олардың негізгі продуценттерін;
- аминогликозидті антибиотиктердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын. Олардың негізгі продуценттерін;
- макролид-антибиотиктердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын. Олардың негізгі продуценттерін;
- антибиотиктердің басқа топтарын. Олардың негізгі продуценттерін;
- жаңа антибиотиктерді алу негізгі тәсілдері;
- микроорганизмдерден болатын зақымдар және оларды болдырмау жолдарын.

Білім алушы істей білуі керек:

- биотехнология гендік инженерияға және ұлпа культураларына, салаларына арналған ғылыми, әдістемелік және анықтама әдебиеттерін қолдану;
- биотехнология және гендік инженерия саласындағы жетістіктері мен арасындағы байланысты белгілеу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары

а) базистік білім бойынша

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді өсіру қолайлы физиологиялық жағдайлар.

б) сабақ тақырыбы бойынша

1. Биотехнологияның негізгі мақсаттары мен міндеттері.
2. Биотехнологияның объектілері, олардың жіктелуі.
3. Биоконверсияның әртүрлі варианттары.
4. Биотехнологиялық тәсілімен алынатын антибиотиктердің өнеркәсіптік өндірісінің дамуы.
5. Жаңа антибиотиктерді іздестіруі және өндіріске енгізу негізгі мақсаттары.
6. Пенициллиндердің номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Олардың негізгі продуценттері.


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 48-беті

7. Цефалоспориндердің номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Олардың негізгі продуценттерін.
8. Тетрациклиндердің номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Олардың негізгі продуценттері.
9. Аминогликозидті антибиотиктердің номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Олардың негізгі продуценттері.
10. Макролид-антибиотиктердің номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Олардың негізгі продуценттері.
11. Антибиотиктердің басқа топтары. Олардың негізгі продуценттері.
12. Жаңа антибиотиктерді алу негізгі тәсілдері.
13. Микроорганизмдерден болатын зақымдар және оларды болдырмау жолдары.
14. Биотехнологияның медицинада және фармацевтияда жетістіктері.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Антибиотиктердің өнеркәсіптік өндірісі биотехнологияда ерекше орын алып отыр. Бүгін антибиотиктердің өндірісі – биотехнологияның ең дамыған сала. Қазіргі таңда 200 дерлік антибиотиктер шығарылады, ал барлық антибиотиктердің саны 6000 аса атауларды құрайды.

Антибиотиктер келесі класстарға бөлінеді: 1. Пенициллиндер; 2. Цефалоспориндер; 3. Тетрациклиндер; 4. Аминогликозидтер; 5. Макролидтер 6. Басқа топтары Пенициллиндер антибиотикалық заттардың ең үлкен тобын құрайды. Оның басында, Penicillium-ның кейбір түрлерімен түзілетін және алғаш рет Х. Флори мен Е. Чейни (1940) кристаллды түрде алынған, пенициллин болып келеді:



Пенициллиндерде R- радикалы ретінде әртүрлі функционалды топтармен көрсетілуі мүмкін. Едәуір белгілі және кең қолданылатын препарат ретінде бензилпенициллин (пенициллин G) болып келеді, оның құрамына радикал ретінде бензилдің қалдығы енгізілген, пенициллин V – феноксиметил-радикалы бар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 49-беті

Медициналық биотехнология пенициллинді 40-шы жылдарында өнеркәсіптік өндіруден және бірқатар аурлардың терапиясында қолданудың басталды деп есептеуге болады.

Осы бірінші антибиотикті қолдануы аурулар мен өлу санының төмендеуіне алып келді, бірақ екінші жағынан бірқатар жаңа проблемаларды қойды, соның ішінде:

- Біріншіде, пенициллиннің ойдағыдай қолдануы осы препарат бойынша тұтынушылығын өте жоғарылатты, оны қанағаттандыру үшін осы дәрінің технологиялық шығымын өнеркәсіптік көлемде көтеру қажет болды;
- Екіншіде, бірінші пенициллин G (бензилпенициллин) басым түрде грам-оң бактерияларға (*Streptococcus*, *Staphylococcus*) әсер етеді, ал бізге грам-теріс те бактерияларды (*E. coli*, *Pseudomonas*) жоятын, әсері кең және/немесе белсенділігі жоғары антибиотиктеді алу қажет болды;
- Үшіншіде, көптеген антибиотиктер аллергиялық реакцияларды (маңызды емес және өте ауыр, анафилаксияға дейін) туғызатындықтан, бактерияларға қарсы дәрілік препараттардың ассоортиментін кеңейту маңызды болды: сонда соның ішінен науқастарда аллергияны тудырмайтын тиімділігі бірдей дерлік препаратты таңдауға мүмкіндік болады;
- Төртіншіде, пенициллин асқазанның қышқыл ортасында тұрақсыз, оны пероралды жолымен қолдануға болмайды;
- Бесіншіде, көптеген бактериялар уақыт өткен сайын антибиотиктерге тұрақты формаларды түзеді.

Осы проблемаларды биотехнология мен гендік инженерия көмегімен шешуге мүмкін болды. Мысалы, пенициллин өндірісінде технологиялық шығымын *Penicillium chrysogenum* бастапқы штаммынан бірқатар мутанттарын алу арқасында жоғарлатуға қол жетті. Ол үшін бастапқы штаммға кезегімен (және спонтанды мутагенез арқылы) ультра-күлгін және рентген-саулелермен, азоттық ипритпен әсер етті, сонымен өсіру жағдайларын өзгертті.

Сонымен бірге грам-теріс бактерияларға әсер ететін жаңа антибиотиктер алынды: *Streptomyces* туыстың жіптеріз дес бактериялар (*Actinomycetes*) синтездейтін стрептомицин және *Cephalosporium* зең саңырауқұлақпен түзілетін цефалоспорин. Цефалоспориндер $\square$ -лактама сақинасы бар $\square$ -лактамадық пенициллин сияқты антибиотиктерге жатсада, олар өзінің құрылысы бойынша едәуір ерекшеленеді, сондықтан оларды пенициллинге аллергия беретін науқастарға қолдануға болады.

Табиғи $\square$ -лактамадық молекуланың жанама тізбегін алмастыру жолымен жаңа қасиеттерге ие (әсер ету спектрі басқа – кең немесе бағытталған; пенициллиназаға сезімталдылығы төмен, асқазан-ішек трактысының сөлдеріне сезімталдылығы төмен және т.б.) көптеген жартылай синтетикалық антибиотиктер алынды.

Пенициллиндер. Басында пенициллин G-нің бензил тобын химиялық жолымен G-аминопенициллан қышқылын түзіп аластатқан, бірақ егер культуралды ортаға амидазаларды түзетін бактерияларды қосса, осы өзгертуді биологиялық жолымен де орындауға болады. Бұл

биологиялық конверсияның тағы да бір варианты. Мысалы, ампициллин – бензилпенициллиннің жартылай синтетикалық туындысы, оның құрылысы пенициллиннен жанама тізбекте қосымша аминотоптың болуымен ерекшеленеді. Бірақ ампициллин пероральды енгізгенде белсенді болып қалады және бактериялардың кең спектріне, соның ішінде тыныс мүшелерінің (*Haemophilis influenzae*), асқорыту

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 50-беті

мүшелерінің (Schigella, Salmonella) және ішек ауруларын (E. coli, Proteus) туғызатын кейбір грам-теріс бактерияларға да, әсер етеді. Қышқыл ортаға клоксациллин де тұрақты, сонымен бірге ол $\square$ -лактамаза әсерінен ыдырамайды. Оны жиі ампициллинмен бірге, пенициллиназаны синтездейтін стафилококктары табылған науқастарға немесе осындай ферменттерді түзуі мүмкін «госпиталдың инфекцияларда, белгілейді.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде (соның ішінде Ресейде де) бензилпенициллиннен 6-АПҚ бөліп алу үшін иммобилизацияланған пенициллинамидазаны қолданылатын биотехнологиялық процестер жасалынған. Пенициллинамидазаны бактериялардың (таяқшалар, кокктар, актиномицеттер), саңырауқұлақтардың (дрожжи, жіптеріздер) көптеген түрлері, сонымен бірге пенициллиннің продуценттердің өздері түзеді.

Алынған 6-АПҚ содан соң пенициллин қатарының басқа препараттарын химиялық жолымен алу үшін қолданылады. Мысалы, келесілер алыннып жатыр: қышқыл ортада тұрақты препараттар – фенетециллин, пропициллин, фенбенициллин және т.б.; пенициллиназаға тұрақты антибиотик – метициллин; кең спектрде әсер ететін қышқыл ортада тұрақты – ампициллин; қышқыл ортаның және пенициллиназа әсеріне тұрақты препараттар – оксациллин, нафциллин, клоксациллин және т.б.

Цефалоспориндер. Бұл химиялық құрылысы бойынша пенициллиндерге жақын келетін антибиотиктердің туысы (семейство). Оларды пенициллинге аллергиясы бар науқастар үшін қолданады. Цефалоспориндер, пенициллинмен салыстырғанда сезімтал микробтар үшін белсенділігі төмен болғанымен, грам-оң және грам-теріс бактериялардың дамуын және көбеюін басады.

6-АПҚ жұмыс істеумен ұқсас 7-АЦҚ (7-аминоцефалоспоран қышқылын) химиялық синтез арқылы басқа туындыларға алмастыру мүмкін болды. Олардың кейбірі (цефалоглицин, цефалотин, цеполин, цефалексин және т.б.) жұқпалы аурулардың химиотерапиясында қолдануды тапты.

Пенициллиндер мен цефалоспориндерге ұқсас антибиотиктердің тағы да бір тобы бар – монобактамдар, яғни моноциклдік $\square$ -лактамдар. Олардың құрылымдық ядро ретінде $\square$ -лактама сақинасы болып келеді. Монобактамдар «госпиталдың инфекциялардың қоздырғыштарға қарсы белсенділік көрсетеді.

Аминогликозидті антибиотиктер. Бұл топты химиялық құрылысында гликозидті байланыстары бар микробтарға қарсы әсер ететін заттар құрайды: стрептомициндер, канамициндер, гентамициндер, гигромицин, сизомицин, амикацин және т.б. Оларды актиномицеттердің әртүрлі түрлері синтездейді. Аминогликозидтер – сезімтал грам-оң және грам-теріс бактерияларлы жоюға арналған әсер ету спектрі кең антибиотиктер.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. ҚР МФ (том 2 , 2046.) берілген антибиотиктердің микробтарға қарсы белсенділігін агарға диффузиялау әдісімен анықтау әдістемесін сипаттаңыз.

Тапсырма 2. Антибиотиктердің микробтарға қарсы белсенділігін агарға диффузиялау әдісімен анықтау үшін агар пластинкаларын дайындаңыз.

№ 1 агар ортаның құрамы: Ет-пептон сорпасы 100 мл

Агар-агар 2 г

Ортаның рН мәні 7,0-7,2

Стерильдеу 120 °C 15 минут бойы автоклавта немесе 100 °C 30 минут Агар

пластинкаларды дайындау әдістемесі «Биофармация»

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 51-беті

курсы бойынша лабораториялық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқауда жазылған.

Антибиотикті еріту үшін буферлы еріткіш ретінде инъекцияға арналған су немесе ампуладағы натрий хлориді ерітіндісін қолдануға болады. Қатнасты келесі арада қолдану керек: 1:100, 1:200 немесе 1:300, себебі антибиотиктің стандартты үлгі ерітіндісінің концентрациясы 1 мг/мл болуы қажет.

Тест-микробтар ретінде келесі культураларды қолдануға болады: *Staphylococcus aureus* 209 P

Candida utilis ЛИА-01

Bacillus subtilis ATCC 6633

Bacillus cereus var. *mycoides* 537

Bacillus cereus var. *mycoides* HB

Pseudomonas aeruginosa NCTC 2134

Тапсырма 3. (сабақ № 12). Тест-микробтар культураларының өсуін басу зоналарын өлшеп алып зерттелген антибиотиктің микробтарға қарсы белсенділігі бойынша қорытынды жасаңыз.

Тест-микробтар культураларының өсуін басу зоналарын, дәлділігі жеткілікті (0,1 мм-ге дейін), миллиметрлік линейка көмегімен өлшеп антибиотиктің стандартты үлгісін қолданған кездегі өсуін басу зоналармен салыстыруы керек.

Тапсырма 4. Ситуациялық есепті шешу:

Биотехнологиялық процесті тиімді жүргізу үшін ББЗ өндіретін микроорганизмдер азот көзі ретінде құрамында амин азоты немесе аммоний иондары бар азот бар әртүрлі қосылыстарды пайдаланатын қоректік орта үлкен маңызға ие. Антибиотиктерді алу кезінде азот көзі бойынша ашытудың қандай шарттары оңтайлы болады?

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Биотехнологияның объектілерінің жіктелуін және қысқаша сипаттамасын беріңіз.
2. Биотехнологиялық тәсілімен алынатын антибиотиктердің өнеркәсіптік өндірісінің дамуықашан басталды?
3. Пенициллиндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың негізгі продуценттері қандай?
4. Цефалоспориндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың негізгі продуценттері ретінде не болып табылады?
5. Тетрациклиндердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың негізгі продуценттері қандай?
6. Аминогликозидті антибиотиктердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың негізгі продуценттері не болып табылады?
7. Макролид-антибиотиктердің номенклатурасын және жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың негізгі продуценттері қандай?
8. Антибиотиктердің қандай басқа топтарын білесіз? Олардың негізгі продуценттері қандай?
9. Жаңа антибиотиктерді алу қандай негізгі тәсілдерді білесіз? Олардың мәні неде?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 52-беті

Сабақ № 10

Тақырып 10: Микробтан алынған липидтердің препараттары. Алу технологиясы.

Сабақтың мақсаты: Білім алушыларды липидтік препараттардың биотехнологиялық өндірісімен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- биотехнология объектілері;
- биотехнология әдістері;
- медицина мен фармацевтикадағы биотехнологияның жетістіктері.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биотехнология саласындағы ғылыми, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану;
- биотехнология, гендік инженерия саласындағы жетістіктердің басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен байланысын жүзеге асыру;

Тақырыптың негізгі сұрақтары

негізгі білім бойынша:

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және т.б.
3. Микробиологиялық объектілерді өсірудің физиологиялық тәсілдері.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Биотехнология ғылым ретінде, оның анықтамасы. Биотехнологияның объектілері, олардың ерекшеліктері.
2. Липидтердің көздері және оларды бөліп алудың негізгі әдістері.
3. Биотехнологиялық әдістермен липидтердің өнеркәсіптік өндірісін дамыту.
4. Липидтерді өндірудің жаңа продуценттерін табуының негізгі міндеттері.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

«Липидтер» деген атаумен бейтарап майлардың және май тәрізді заттардың үлкен тобын біріктіреді. Химиялық табиғаты бойынша липидтер келесі топтарға бөлінеді:

- а) майлы майлар немесе триглицеридтер; б) жоғары молекулалық майлы қышқылдар; в) фосфатидтер (немесе фосфолипидтер); г) цереброзидтер; д) стериндер және стеридтер; е) ганглиозидтер; ж)

балауыздар және балауыз тәрізді заттар.

Майлы майлар – жоғары молекулалық майлы қышқылдардың (оларға көптеген қаныққан және қанықпаған майлы қышқылдар) және глицериннің күрделі эфирлері. Кейбір қанықпаған жоғарғы майлы қышқылдар алмастырылмайтынға (эссенциалдыға) жатады және адам ағзасында *de novo* синтезделмейді: линол, линолен, гамма-линолен, арахидон, эйкозапентаен және т.б. қышқылдары. Осы қышқылдар, негізінде, өсімдік майлардың құрамына кіреді. Өсімдіктер мен балдырлар тән бір қатар кемшіліктерге байланысты липидтердің продуценттері ретінде микроорганизмдер ерекше қызылушылық тудырады. Оларға биотехнологияда соңғы жылдары басты роль бөлінеді.

Липидтердің синтезіне қабілетті едәуір қолжеткілікті микроорганизмдер ретінде дрожжи және мицелийлік саңырауқұлақтар болып табылады. Олар адамға қарағанда зиянсыз болып келеді, олардың өсу жылдамдылығы қанағат. Олар салыстырмалы қарапайым синтетикалық орталарда тез өсуге және қанықсыздықтың жоғары деңгейдегі липидтерді синтездеуге қабілетті болып табылады. Олар арқылы синтезделген липидтер бір қатар бағалы және бірегей қасиеттерге ие. Мысалы, мицелийлік саңырауқұлақтармен синтезделген липидтер, майлы қышқылдардың,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 53-беті

соның ішінде эссенциалдыға жататын қышқылдардың құрамы бойынша, сонымен бірге липидтердің кейбір кластарының (фосфолипидтер, цереброзидтер) құрамы бойынша өсімдік майларға және жануарлардың кейбір ұлпаларының липидтеріне өте жақын болып келеді. Осындай саңырауқұлақтардың Zygomycetes және Ascomycetes (*Mucor*, *Penicillium*, *Aspergillus*, *Fusarium* туыстары) өкілдеріне едәуір көңіл бөлуі тиісті болады.

Англияда микробтық липидтерді алу үшін *Mucorales* қатарына жататын: *Mucor javanicus* және *Mortierella isabellina* (*Mucor* туысы) саңырауқұлақтардың әртүрлі штаммдары кең қолданылады. Олар липидтерді биомасса салмағына есептегенде 28,5-36,1 %-ке дейін технологиялық шығыммен синтездейді.

Қанықсыздықтың жоғары дәрежесімен және эссенциалды жоғарғы майлы қышқылдардың үлкен мөлшерімен липидтер медицина мен косметологияда кең қолданылады. Олар қанұйыққа қарсы, асқынуға қарсы, тамырларды кеңейтуші, гипотензивті әсерге ие, жүрек-тамырлар ауруларын, миокард инфарктысын, инсультті алдын-алу (профилактика) үшін қолданылады. Липидтік препараттардың бір қатары дерматологиялық ауруларды, атеросклерозды, гепатитті, бауыр циррозын және көптеген басқа ауруларды алдын-алу және емдеу үшін ұсынылды.

Өнеркәсіптік жағдайда қазіргі уақытта микробиологиялық жолымен (биотехнологиялық тәсілімен) келесі витаминдер алынады: В₂ (рибофлавин), В₉ (фолий қышқылы), В₁₂ (цианкобаламин), Д₃ (эргостерин – γ -саулелермен өңделген дрожжи клеткаларының көмегімен), Н (биотин), РР (пантотен қышқылы), β -каротин (провитамин А) және т.б.

Кейбір витаминдердің (С және РР витаминдердің) синтезінде микроорганизмдер химиялық синтездің тек кейбір сатыларында қолданылады.

Бүгін әлемде 40 аса фирмалар витаминдерді шығарып жатыр: 18 – АҚШ-да, 8 – Жапонияда, 14 – Батыс Европада, 5 – ТМД елдерінде, соның ішінде 2 – в РФ. Соның ішінде басты орынды Hoffman La Roche (Швейцария) фирмасы алып отыр, ол барлық витаминдердің есептегенде 50-70 %-ке дейін көлемде шығарады.

Витамин В₁₂ немесе цианкобаламин – маңызды биологиялық қосылыс. Жануар жикізатынан ол таза күйінде бөлінбейді, себебі оның концентрациясы өте төмен (бұқа

бауырында ≈ 1 мг/кг), ал оның химиялық синтезі өте күрделі, 70 сатыдан құрылған. Сондықтан өнеркәсіпте оны биотехнологиялық жолымен алады. Жылда 3,5-4,0 тонна витамин В₁₂, 2 тонна гидроксикобаламин және 1,0-1,5 тонна – коэнзим В₁₂, сонымен бірге кейбір мөлшерде метилкобаламин шығарылады (көрсетілген мөлшерде олар медицинада қолданылады). Көрсетілген мөлшерден артығы жануар шаруашылығында пайдаланады.

В₁₂ витаминнің көптеген бактериялар синтездейді. Дрожжи және мицелийлік саңырауқұлақтар корриноидтерді түзбейді, сондықтан олар В₁₂ синтездемейді. Қазіргі уақытта өнеркәсіпте *Pseudomonas denitrificans* (шығымы 59-60 мг/л) бактериялардың 3 штаммы, *Propionibacterium* (шығымы 23-40 мг/л, бірақ Францияда осы штаммдармен едәуір жоғары шығымға дейін – 216 мг/л – жеткені туралы баяндама бар) үш өкілдерінің штаммдары және метаногендік штаммдардың аралас культурасын (шығымы 35-36 мг/л) қолданылады. Барлық жағдайда қолданылатын штаммның түріне және культивирлеу жағдайларына тәуелсіз ортаның құрамына кобальт-иондарын және жиі 5,6-ДМБ енгізеді. Корриноидтердің негіз құрушыраларды (глицин, треонин, δ -АЛК және аминопропанол) қосу витамин синтезіне стимулдайтын әсер көрсетуі мүмкін

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 54-беті

Соңғы жылдары мутация және штаммдарды селекциялау (сұрыптау) жолымен *Pseudomonas denitrificans* бактерияларда B₁₂ витаминнің өнімділігі 1,5 есе жоғарлатылған. Сонымен бірге рекомбинантты ДНК технологиясы қолданылады. Мысалы, *E. coli* клеткаларына B₁₂ витаминнің синтезіне жауап беретін *Propionibacterium technicum* гендері клондалған.

Рибофлавин – витамин B₂ немесе лактофлавин бірегей болып саналады, себебі өте көп мөлшерде және қысқа уақытта кейбір микроорганизмдер (бактериялар, саңырауқұлақтар, дрожжи) арқылы *de novo* синтезделеді. Бұл микроорганизмдер аскомицеттер тобына жатады (*Eremothecium ashbyii* және *Asbya gossypii*) және рибофлавинді сәйкес айтқанда 3 г/л-ден аса және 7 г/л мөлшерде синтездейді. 1935 жылы Гильермон арқылы микроорганизмдердің осындай жоғары биосинтездеу қабілетін ашқаннан бері микробиологиялық өнеркәсіпте

«асқынсинтез - сверхсинтез» деген термин пайда боды, ал штаммдар «суперпродуценттер» деп аталатын болды.

Бірақ рибофлавиннің соншама жоғары шығымына қарамай, микробиологиялық процесс және химиялық синтез арасында күшті конкуренция сақталуда.

Микроорганизмдер сонымен біргефармацияда үлкен маңызға ие болған рибофлавиннің коферментті түрінің (FAD) көзі болып табылады.

Рибофлавин көбінесе кейбір жоғарғы өсімдіктермен синтезделінеді, ал жануарларда оны синтездеуге қабілеті жоқ. Жануарлар және адам ағзасында B₂ витамин бойынша қажеттілік тамақпен және асқазан-ішек трактысының микрофлорамен қанағаттандырылады.

А. Дейман жіктелуі бойынша B₂ витаминнің микроорганизм-продуценттер 3 топқа бөлінеді:

а) әлсіз суперпродуценттер: оларға *Clostridium* түрлері жатады. Мысалы, 1933 жылы рибофлавиннің жақсы продуценті ретінде алғаш рет *Clostridium acetobutylicum* туралы баяндама жасалынды. Бірақ клостридиялар арқылы B₂ витаминнің синтезі F⁺2 иондарына сезімтал. Осы факторды бақылау арқылы 100 мг/л-ге дейін рибофлавин алуға мүмкін болады;

б) орташа суперпродуценттер: оларға дрожжилар жатады, әсіресе *Candida* және *Pichia* түрлеріне жататын *P. guilliermondii* және *C. flaveri*. Бірақ олардың F⁺2 ионына сезімталдылығы клостридиялармен салыстырғанда бірнеше жүз есе жоғары. Ал оларды культивирлеу үшін күрделі орталар қолданылады, сондықтан орталарды F⁺2 иондардан мұқият тазарту қажет, осыған байланысты дрожжилардың өнеркәсіпте қолданылуы қиындалады. Лабораториялық жағдайда *C. flaveri* көмегімен 7 тәулікте 600 мг/л-ге жақын рибофлавин алады;

в) күшті суперпродуценттер: оларға дрожжи тәрізді саңырауқұлақтар *Eremothecium ashbyii*, *Ashbya gossypii* жатады. Олар өсімдіктердің патогендері болып келеді және мақта өсімдіктерін зақымдайды. F⁺2 иондары олардың рибофлавин синтездеу қабілетіне әсер етпейді, сондықтан бұл жағдай оларды өнеркәсіпте қолданылуына маңызды артықшылық болып табылады.

Рибофлавиннің өнеркәсіптік өндірісі үш тәсілімен орындалады:

- толық химиялық синтезбен;
- толық микробиологиялық синтезбен (B₂ витаминнің жалпы мөлшеріне шаққанда 30 % алынады);
- аралас синтезбен, яғни рибозаны микробтық синтезбен алып ары қарай

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 55-беті

рибофлавинге дейін химиялық трансформациясын жүргізеді.

Соңғы тәсілімен 70 %-ке дейін рибофлавин алынады, себебі рибозаны микробтық ферментация арқылы алу оңай және үнемді болады. Осы мақсатпен Жапонияда өнімділігі жоғары штаммдарды – *Bac. subtilis* мутанттарын және басқа бациллаларды қолданады. Олар 70 г/л-ге дейін рибозаны синтездейді. ТМД елдерінде, соның ішінде РФ, ССРО-да гендік инженерия әдістерімен жасалынған *Bac. subtilis*-тің штаммы қолданылады. Ол үшін қоректі ортаны оптимизациялады. Ол өнеркәсіптік жағдайда 35 сағат ішінде 4 г/л рибофлавин түзеді.

Рибофлавиннің коферментін де – FAD – ордаға енгізілген негіз құрышудан (FMN және аденин) микробтық синтезбен алады. FAD-тың белсенді продуценттеріне *Eremothesium ashbyii*, *Sarcina lutea*, *Brevibacterium ammoniagenes* жатады. FAD-ты ферментациялаудың 5 күннен кейін бөліп алады.

Витамин С – L-аскорбин қышқылы алғаш рет лимон жемістерінен алынған. 1933 жылы Рейхштейн және Гавордт топтары бір бірінен тәуелсіз L-аскорбин қышқылының химиялық синтезі туралы баяндама жасады. Қазіргі уақытта өнеркәсіпте витамин С Рейхштейн әдісі бойынша алынады. Ол бойынша көп сатылы химиялық синтезінде бір реакцияны, яғни D-сорбитті L- сорбоза-ға дейін жоғары таңдалмалы түрде дегидрогенирлеуді сірке-қышқылдық бактериялар көмегімен жүргізеді. Әлемде жыл сайын 35 000 тоннадан аса L-аскорбин қышқылы шығарылады. D-сорбитті L-сорбоза дейін айналдыру үшін жиі *Acetobacter xylinum* және *Acetobacter suboxydans* қолданылады. Осы сатыны азрациясы бар ферменттерлерде араластыру алқылы жүргізеді. Ортаның құрамына сорбит, азот көзі (жүгері экстрактысы) және бор (мел) кіреді, ортаның рН мәні 5,0-6,0 және $t = 30-35^{\circ} \text{C}$. Егер ауаны жоғары қысымдағы оттегіге алмастырса, ферментация уақыты қысқарады, яғни ферментация 24 сағатта аяқталады. Клеткаларды филтрлеу немесе центрифугалау арқылы бөліп алған соң мөлдір сұйықтықты деионизациялап, концентрлеп L-аскорбин қышқылының кристаллдарын алады. L-сорбозаның шығымы 87 %-ке дейін жетеді.

Сонымен бірге бүгін С витаминін синтездің басқа сатыларында биоконверсиясын жүргізетін басқа микроорганизмдер көмегімен алу әдістердің бір қатары ұсынылып жатыр.

Витамин Д₂ келесі жолымен алады: нан ашытатын дрожжилардан провитамин Д, яғни эргостеринді бөліп алып, оны гамма-саулелермен өңдейді.

β-каротин, яғни провитамин А негізінде өсімдіктерден және микроорганизмдер көмегімен алады. Оның микробиологиялық өндірісі ТМД елдерінде, Францияда, АҚШ, Польшада және т.б. бар. Провитамин А адамның аш ішектің мукозды мембраналарында А витамин-ге айналады және бауырда пальмитат эфирі түрінде сақталады. β-каротинді және оған туысты каротиноидтарды, басты түрде, микроскопиялық саңырауқұлақтар және балдырлар түзеді, ал ксантофиллдарды – бактериялар және саңырауқұлақтар. Каротиноидтардың продуценттеріне *Rhodospirillaceae*, *Chromotiaceae*, *Chlorobiaceae*, *Chloroflexus* туыстарының фототрофты бактериялар жатады. β-каротиннің ең жоғары шығымын *Blakeslea trispora*-ның саңырауқұлақтары көрсетеді. Бұл – гетероталлийлік саңырауқұлақ, ол (+) және (-) мицелий түзеді. β-каротинді (-)-штаммы түзеді. Егер (-)-штаммға триспоралық қышқылдарды қосса, β- каротиннің шығымы өте жоғарлайды. Процесс терең культивирлеу арқылы орындалады. β- каротиннің шығымы 1,2 г/л құрайды. Процесті

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 56-беті

және қоректі ортаны оптимизациялау арқылы β - каротиннің шығымын 1430 мг/л, яғни 1,43 г/л-ге дейін жоғарлатуға мүмкін болды.

В тобының витаминдері биохимиялық реакцияларды катализдейтін көптеген ферменттердің коферменттері болып табылады. Аурулардың бір қатары ағзада В тобының сол немесе басқа витаминінің болмауыны немесе жетіспеушілігіне байланысты.

Соңғы жылдары инфекцияға байланыссыз, бірақ ферменттердің дұрыс қызмет атқармауы себебінен болуы мүмкін зат алмасудың бұзылуына байланысты, ауруларды емдеудің жаңа әдістері зерттеліп жасалуда.

Мысалы, сәйкес сырқаттың пайда болуына және дамуына қатысатын ферменттердің ингибиторларын қолданылуы мүмкін болды.

Осыған байланысты қазіргі таңда медицинада қолдануды тапқан микробтар арқылы түзілетін ферменттер ингибиторларының көп атаулары ашылған.

Протеазалар ингибиторлары. Олардың атаулары көп:

а) Бестатинді *Streptomyces olivoreticuli* түзеді. Ол В аминопептидазаның және лейцин- аминопептидазаның ингибиторы болып табылады. Иммуномодулятор ретінде ол *in vivo* гиперсезімталдылықты жоғарлатады, адам мен жануарларда қатерлі ісіктерге қарсыпрепараттардың белсенділігін күшейтеді, антиделелерді түзетін клеткалардың мөлшерін

көбейтеді және баяу өсетін қатты қатерлі ісіктердің (Гарднер лимфосаркомасының және УМС- карциноманың) өсуін тежейді.

б) Өкпе эмфиземасын емдеу үшін микробтар көмегімен алынған протеазалардың ингибиторы – α -антитрипсин ұсынылды. α -антитрипсиннің тұқым қуалау түрде болмауы ерте жаста да аталған сырқаттың ауыр түріне алып келеді, себебі эластазаның ингибиторының болмауы өкпе ұлпасында коллагеннің ыдырауын тудырады. α -антитрипсиннің адам генін енгізді, соның нәтижесінде ол осы ферментті, барлық клеткалық ақуыздарға есептегенде, 15 %- ке дейін (10 мг/л) түзе бастады. Препарат антиэластазалық белсенділікті көрсетті. Оны

«Эластин деп атады.

Ішек гликозидазалардың ингибиторлары:

а) Акарбоза – β -глюкозидазаның ингибиторы. Оны *Actinoplanes sp.* түзеді. Акарбоза диа- бетте қолданылады.

б) Амилазаның ингибиторы *Streptomyces tendae*-нен алынған. Ол крахмалдың гидролизін тоқтатады және қанттың қандағы мөлшерін төмендетеді.

Орнитиндекарбоксилазаның ингибиторлары. Полиаминдер: путресцин, спермин және спермидин – клеткалардың өсуі, көбеюі және дифференциация үшін анық емес, бірақ маңызды роль атқарады. Орнитиндекарбоксилаза (ферменттің өзі) сүт қоректілердің клеткаларында полиамин синтезінің жылдамдылығын бақылайды. *Streptomyces neugawaensis* клеткаларынан екі зат алынды: дигидроксисаркомицин және саркомицин (қатерлі ісіктерге қарсы бұрынғы препарат), олар псориаз, созылмалы простатиттер және рак сияқты ауруларда орнитиндекарбоксилазаның ингибиторлары болып табылады.

Пролил-4-гидроксилазаның ингибиторы. Фиброзды ұлпаның жиналуы байланыстырғыш ұлпаның фиброздық ауруларын туғызады. Адамда және жануарларда өкпе мен бауырдың фиброзын пролинді аналогтармен болмырмайды. Коллаген синтезінің токсикалық емес ингибиторы жоқ, сондықтан *Streptomyces sp.*-ден алынған

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 57-беті

және әсері бойынша қатерлі ісіктерге қарсы винкомицин А антибиотикке ұқсас болып келген ингибитор Р-1894В үлкен қызығушылық туғызған. Ауыз қуысы арқылы қолданған кезде токсикалық емес. Ингибитордың нышаны ретінде коллагеннің түзілуін тудыратын пролил-4-гидроксилаза болып табылады.

Қан қысымын өзгертетін ферменттік жүйенің ингибиторлары. Қан қысымы әдетте реннинангиотензиялық жүйемен реттеледі. Ангиотензиноген (плазмалық ақуыз) трипсин және ренин әсерінен инертті пептид ангиотензин I (AI) түзілгенше ыдырайды. AI-өзгертетін ферменттің (Zn-экзопептидазаның) әсерінен AI-ден ангиотензин II (AII) түзіледі. AII асқын түзілуі – қанның жоғары қысымының басты себебі. Келесі дәрілік препараттар синтезделген: каптоприл және оның туындылары, олар жоғарыда аталған ферменттің ингибиторлары ретінде әсер етеді. Каптоприл - Streptomyces sp.-тің культуральды сұйықтығынан бөлініп алынған үлкен емес пептидтің туындысы.

Жоғары рентабельдік арқасында керекті өнімдердің биотехнологиялық өндірісі, әсіресе фармацевттік салада, дамуда. Сонымен бірге жаңа штаммдарды және микроорганизмдер арқылы түзілетін адамға құнды жаңа өнімдерді іздестіру жұмыстар жалғасуда.

Тақырып бойынша тапсырма

Тапсырма 1. Дәрілік асқинуларды емдеу үшін фосфолипидті препараттарды алудың технологиялық схемасын жасаңыз. Әр операцияны және қоректік ортаның құрамын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Тапсырма 2. Дәрілік асқинуларды биотехнологиялық тәсілмен емдеу үшін фосфолипидті препараттарды алудың аппаратуралық схемасын жасау. Әр құрылғы мен қондырғыны таңдауды теориялық тұрғыдан негіздеу.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау:

Бақылау сұрақтары:

1. Биотехнологияны ғылым ретінде анықтаңыз. Биотехнологияның объектісі қандай?
2. Липидтердің өнеркәсіптік өндірісін биотехнологиялық жолмен дамыту қалай басталды? Липидтерді өндіру үшін жаңа өндірушілерді табудың негізгі міндеттері қандай? Адамдар үшін қандай липидтер құнды?
3. Биотехнологиялық әдіспен дәрумендердің өнеркәсіптік өндірісін дамыту қалай басталды? Витаминдер өндіру үшін жаңа өндірушілерді табудың міндеттері қандай?
4. Биотехнологиялық жолмен алынған дәрумендердің номенклатурасы мен жалпы сипаттамасын беріңіз.
5. B12 витаминінің негізгі өндірушісіне сипаттама беріңіз.
6. B2 витаминінің негізгі өндірушісіне сипаттама беріңіз. Олар қандай топтарға бөлінеді? "Суперсинтез" дегеніміз не?
7. Аскорбин қышқылын өндірудің ерекшеліктері қандай?
8. D2 витаминінің негізгі өндірушісіне сипаттама беріңіз. В-каротин өндірісінің ерекшеліктері қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 58-беті

Сабақ № 11

Тақырып 11: Стероидты гормондарды алудың биотехнологиялық әдістері.

Микроағзалар- трансформаторлар

Мақсаты: Білім алушыларды стероидты гормондарды алудың биотехнологиялық әдістерімен таныстыру.

Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- биотехнологияның объектілерін және әдістерін;
- биоконверсияның түрлерін, қолдану салаларын, оған пайдалынатын микроорганизмдерді;
- химиялық синтезбен, табиғи шикізатынан және биотехнологиялық тәсілімен алынатын стероидті гормондардың номенклатурасын;
- рекомбинантты ДНК технологиясын қолданып гормондық препараттарды (инсулин, проин-сулин, соматотропин) алу технологиясын;
- биотехнологияның медицинада, фармацевтикада және ветеринариядағы жетістіктерін.

Білім алушы істей білуі керек:

- биотехнология гендік инженерияға және ұлпа культураларына, салаларына арналған ғылыми, әдістемелік және анықтама әдебиеттерін қолдану;
- биотехнология және гендік инженерия саласындағы жетістіктері мен арасындағы байланысты белгілеу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары

а) базистік білім бойынша

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді өсіру қолайлы физиологиялық жағдайлар.

б) сабақ тақырыбы бойынша

1. Стероидты гормондардың өнеркәсіптік өндірісін биотехнологиялық жолмен дамыту. Стероидты гормондарды түрлендіретін жаңа микроорганизмдерді іздеу мен өндірудің негізгі міндеттері.
2. Биоконверсиядан алынған стероидты гормондардың номенклатурасы және жалпы сипаттамасы. Биоконверсияға қатысатын негізгі микроорганизмдер.
3. Рекомбинантты ДНК технологиясын қолдана отырып, гормоналды препараттарды (инсулин, адамның өсу гормоны) өндіру.
4. Микроорганизмдердің зияны және оны жеңу жолдары.
5. Медицина мен фармацевтикадағы биотехнологияның жетістіктері.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Дәрілік препараттардың биосинтезі едәуір үнемді, тиімді, қоршаған орта үшін аяйғыш болатынын, катализаторларды, жоғары температуралар мен қысымдарды және т.б. талап етпейтіні белгілі. Сонымен бірге ескертуі керек: биосинтезбен алынған гормон препараттары және басқа заттар, жануарлар шикізатынан немесе химиялық жолыарқылы алынғандармен салыстырғанда, адам ағзасындағы заттарбен бірдей болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 59-беті

Гендік инженерия саласындағы жетістіктердің («in vitro» және «in vivo» генетикалық қайта құру, рекомбинантты ДНК технологиясы) арқасында биотехнологиялық тәсілімен инсулин, интерферондар, соматотропин (адамның өсу гормоны) сияқты препараттарды алу мүмкін болды.

Биоконверсияның әртүрлі нұсқалары (варианттары). Микроорганизмдер бұрында көп сатылы қымбат тұратын химиялық реакциялар жолымен алынатын дәрілік заттар синтезінің кейбір бөлек сатыларында да қолданылады. Мысалы, *Rhizopus arrhizus* – нан зеңі штаммдарының бірі стероид туындысының – кортизон синтезінің бір сатысында прогестеронды 11-ші нүкте бойынша гидросилирлеуге алады. Биоконверсияның осындай стратегиясын қолдануы әдеттегі химиялық реакциялармен қатар көптеген стероидтарды құрамында стеролдары бар өсімдік шикі затынан едәуір қарапайым және арзан әдістермен алуға мүмкіндік берді. Дәл осы әдістің арқасында преднизон, дексаметазон, тестостерон, экстрадиол сияқты стероидтар қазіргі күндері медицина саласында кеңінен қолданылады. Гидрокортизоннан – преднизолонды, кортексолоннан – гидрокортизонды, кортизон ацетатынан – преднизонды, сорбозадан – сорбитті алу микробиологиялық трансформациялау әдісімен алу

қазіргі уақытта өнеркәсіптік мөлшерде іске асырылатын процесстердің толық емес тізімі. Мысалы, стероидтарды гидроксилілеу үшін микроскопиялық саңырауқұлақтарды, стероидтерді қалыпқа келтіру үшін *Mycobacterium* туындысының микроорганизмдері қолданылады. Биоконверсия әдісі антибиотектердің және т.б. заттардың номенклатурасын кеңейту де қолданылады.

Рекомбинантты ДНК технологиясы негізіндестероидті гормондарды алу технологиясы

Табиғаты липоидті гормондарға (стероидті гормондарға) кортикостероидтар, андрогендер-эстрогендер, простагландиндер жатады. Өнеркәсіпте жартылай синтетикалық

жолымен алынатын стероидті гормондық препараттар шығарылады: этинил-эстрадиол, синэстрол, диэтилстильбэстрол, метилтестостерон және т.б.

Инсулиннің өндірісі. Сиыр және шошқаның ұйқы безінен бөлу арқылы алынған инсулин адам инсулинінен аминқышқылдық құрамы бойынша ерекшелінеді: сиырдың инсулинінен – 3 аминқышқыл, шошқаның – 1 аминқышқыл бойынша. Осыған байланысты бұл препараттарды қабылдаған кезде жанама эффектілері байқалады.

Инсулин өндірісінде рекомбинантты ДНК технологиясы келесі сатылардан тұрады:

- I-ші этапында – адам инсулині ДНК-ң аминқышқылдық кезектілігін жасайды, ол үшін оның А және В тізбегінің жасанды гендерін жеке синтездейді;
- II-ші сатысында сол әрбір генді плазмидалардағы $\square$ -галактозидазаның геніне енгізеді;
- III-ші сатысында плазмидаларды *E. coli* жасушаларына енгізеді.

Бактерияларды глюкозамен емес, галактозамен дайындаған қоректі ортасында өсіргендіктен, оларда β -галактозидазаның және сонымен бірге инсулиннің А және В тізбектерінің синтезі индукцияланады. Бұндай тәсілмен синтезделген, бөлініп алынған жәнетазартылған инсулиннің құрамына *E. coli*-дің ақуыздары, эндотоксиндері және пирогенді заттар кірмейді. Ол адам инсулинінен ерекшеленбейді және толық биологиялық активтілігін көрсетеді. Осындай тәсілмен *E. coli* негізінде проинсулинді де алады. Ол трипсин және β -карбоксипептидаза әсерінен ағзада ыдырағаннан кейін белсенді инсулинге айналады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 60-беті

Bacillus бактериялары E. coli-мен салыстырғанда проинсулинді тікелей культуральды сұйықтыққа бөліп шығарады. Сондықтан осындай ақуызды, клетка ішіне синтезделгенімен салыстырғанда, бөліп алу және тазарту оңай болады. Сонымен бірге Bacillus штаммдардың тағыда артықшылығы бар ө олар эндотоксиндерді түзбейді.

Интерферондар – вирустармен зақымдалған жасушаларда синтезделетін заттарды зерттеу кезінде табылған ақуыздар тобы. Олар басқа клеткаларда локальдімен бірге жүйелі вирустарға қарсы реакцияларды индукциялайды. Иитерферондар тағыда екі маңызды қасиетке ие:

а) жасушалардың полиферациясын (бақылаусыз көбеюін) басады, яғни қатерлі ісіктерге қарсыпотенциалды препарат болып табылады);

б) иммунды жүйені стимуляциялайды.

Интерферондардың жіктелуі:

- 1) α-интерферондар (лейкоциттарда түзілген);
- 2) β-интерферондар (фибробласттарда түзілген);
- 3) γ-интерферондар (иммунды немесе Т-лимфоцитарлы).

Ертеректе интерферондарды адам қанының лейкоциттерінен бөліп алған, сондықтан алынған көп емес мөлшеріне байланысты өнім қымбат, қол жеткіліксіз болған. Қазіргі таңда интерферондарды, плазмиданың геніне енгізіп, содан соң плазмиданы E. coli немесе дрожжи жасушаларында клондау арқылы, керекті мөлшерде алады.

Адамның өсу гормоны. Ол гипофиздің алдыңғы бөлігінде түзіліп қанға секрецияланатын және сүйектердің өсуіне қажетті ақуыз. Оның кемшілігі ергежейлікке алып келеді. Оны жақын арада өлік материалынан алған, бірақ бұл жолы шектелген. E. coli жасушаларын қолданылатын рекомбинантты ДНК технологиясының арқасында оның өндірісін жеткілікті мөлшерде өндіруіне мүмкіндік болды. Бактериялардан бөліп алынған тазартылған гормон биологиялық активтілігі бойынша адам гипофиздегі гормонына ұқсас.

Тақырып бойынша тапсырма

Тақырыптың бақылау сұрақтарын талқылап болған соң білім алушытер келесі тапсырманы орындау керек:

Тапсырма 1. Микроорганизмдер-продуценттермен синтезделген стероидті гормондарды культуральды сұйықтықтан бөліп алу және тазарту технологиясын беріңіз. Қолданылатын аппараттарға қысқаша сипаттама беріңіз.

Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс.

Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тестілеу.

Әдебиет 1-қосымшада көрсетілген

Бақылау :

Бақылау сұрақтары:

1. Стероидты гормондардың өнеркәсіптік өндірісі биотехнологиялық жолмен қашан дами бастады?
2. Стероидты гормондарды түрлендіретін жаңа микроорганизмдерді табудың негізгі міндеттері қандай?
3. Биоконверсиядан алынған стероидты гормондардың номенклатурасы мен жалпы сипаттамасы қандай?
4. Стероидты гормондардың биоконверсиясына қандай микроорганизмдер қатысады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 61-беті

5. Рекомбинантты ДНҚ технологиясын қолдана отырып, гормоналды препараттарды (инсулин, адамның өсу гормоны) өндірудің ерекшеліктері қандай?
6. Қызметкерлер. Таза бөлмелер мен жабдықтар.
7. Бастапқы және орау материалдары.
8. Құжаттама.
9. Өнімді, бастапқы және орау материалдарын сақтау.

Сабақ № 12

Тақырып 12: Дәрілік өсімдіктердің каллус тінін алу

Мақсаты: Жасанды қоректік орталарға өсімдік жасушалары мен тіндерін культивациялаумен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту міндеттері:

білім алушы білуі тиіс:

- ұлпа культураны туралы түсінік;
- ұлпа культураның объектілерін;
- тотипотенттік теорияның негіздерін;
- дәрілік өсімдіктердің ұлпаларын культивирлеу әдістерін, каллус туралы түсінік,
- ризосекреция туралы түсінік,
- ұлпа культураны бөліп алу үшін бастапқы өсімдіктерді таңдап алу ережелерін,
- өсімдіктер ұлпа культураны қолданылатын гендік инженерияның жетістіктерін,
- өсімдіктер ұлпа культураны алынған препараттардың номенклатурасын.

білім алушы істей білуі тиіс:

- биотехнология салаларына арналған ғылыми, әдістемелік және анықтама әдебиеттерін қолдану;
- биотехнология және гендік инженерия саласындағы жетістіктері мен арасындағы байланысты белгілеу;
- биотехнологияда және ұлпа культураны шешілетін міндеттерді қою.

Тақырыптың негізгі сұрақтары

негізгі білім бойынша:

1. Микробиологиялық объектілердің негізгі топтары: бактериялар, саңырауқұлақтар және т.б.
2. Микробиологиялық объектілерді өсіру қолайлы физиологиялық жағдайлар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Ұлпа культураны биотехнологияның бір саласы ретінде. Қысқаша тарихы.
2. Қасиеттері берілген керекті өнімдердің биотехнологиялық өндірісінде дәрілік өсімдіктердің ұлпа культураны пайдаланудың артықшылықтар мен кемшіліктері.
3. Ұлпа культураның объектілері, олардың ерекшеліктері.
4. Тотипотенттік теорияның негіздері.
5. Дәрілік өсімдіктердің ұлпаларын культивирлеу әдістері, каллус туралы түсінік.
6. Ризосекреция туралы түсінік.
7. Мата мәдениетін бөлектеу үшін бастапқы өсімдіктерді таңдау ережелері.
8. Өсімдіктер ұлпа культураны қолданылатын гендік инженерияның жетістіктері. Протопласттарды біріктіру әдісі.
9. Өсімдіктер ұлпа және клеткалар культураны алынған препараттардың номенклатурасы.

АҚПАРАТТЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Дәрілік препараттардың биосинтезі едәуір үнемді, эффективті, қоршаған ортаны аяйтын, катализаторларды, жоғары температуралар мен қысымдарды талап етпейтіні және т.б. бәріне белгілі. Кейбір дәрілік препараттарды алу үшін қиын культивирленетін немесе

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
Практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар		88 беттің 62-беті

мүлдем культивирленбейтін өсімдіктер қажет болады, ал сонымен бірге жабайы шикізатты жинау әртүрлі факторларға байланысты қиын болады. Сондықтан соңғы жылдары дәрілік өсімдіктердің клеткалар культурасы және ұлпа культурасын қолданылуы кеңейуде. Соның нәтижесінде келесіден бас тартуға мүмкіндік берді: а) дәрілік өсімдіктердің өздерін культивирлеу; б) табиғи жағдайда өскен өсімдіктерді жинау.

Өсімдік ұлпалардың ұсақ бөлшектерін табиғи жағдайда өсіру алғашқы тәжірибелерді Rechinger (1893 г.) орындады. Ол ылғалды құмға өлшемдері 20 мм үлкен емес өсімдіктер органдардың бөліктерін (фрагменттерін) және өсімдіктердің бір қатар түрлерінен бөліп алынған бұошіктерін тамырландырылған. Бірақ тәжірибелер оң нәтиже бермеген. Кейінірек өсімдіктер ұлпа культурасын туралы міндетті Haberlandt (1902 г.) өл алдына қойды. Ол палисад паренхиманың клеткаларын, өсімдік ұлпаларының өзегін (сердцевина), бездер талшықтарын және басқа элементтерін өсіріп көрген. Haberlandt өзінің уақытысындағы анайы лабораториялық техникасы жағдайында маңызды табысқа жете алмады. Оның зор қызметі – болашақтағы биологиялық зерттеулер үшін ұлпа культурасы әдісінің маңызын ғылыми болжау.

Кейін бұл салада үлкен жетістіктерге бір қатар ғалымдар, соның ішінде Бутенко (1964-1968 ж.ж.), Уайт, Слепаян, Волоссович және т.б. жетті.

Фармацияда өнеркәсіптік мақсаттар үшін жоғарғы өсімдіктердің ұлпа культурасын қолдану іс-тәжірибелік міндеттерін шешуде бүгін өсімдіктер екінші кезегінде пайда болатын органикалық заттардың синтезіне алып келетін биохимиялық процестерді жасанды культура жағдайында жүргізуге дедифференциацияланған клеткалардың қабілеті туралы сұрақтың маңызы зор.

Ағзалардың клеткалық теорияның жасаушылары – Schleiden (1838) және Schwann (1839) – бірінші болып клеткалардың потенциалды ұқсасытығы туралы ой айтқан, яғни тотипотенттік түсінікті енгізді. Осы гипотезаны Virchow (1858) қолдады.

Тотипотенттік теория бойынша барлық клеткалар потенциалды және генетикалық бірдей болып келеді, автономды өмір сүріге қабілетті болады және бүгін өсімдікке тән барлық күрделі биохимиялық процестерді жүргізу мүмкіндіктерге ие болады. Сонымен бірге дәрілік өсімдіктердің ұлпа культурасындағы клеткалар, сірә, алкалоидтарды, гликозидтерді және басқа биологиялық белсенді заттарды синтездеуге қабілетті болады.

Көптеген қазіргі таңдағы зерттеушілер өсімдіктер клеткаларының тотипотенттігі туралы пікірді табанды қорғайды. Алайда ескертуі керек, өсімдіктің кез келген бөлігінен (орган) алынған каллусты ұлпалар белгіленген биологиялық белсенді заттарды (ББЗ) жинақтауға қабілетті болып келеді, бірақ ұлпалардың және қоректі ортаның осы қосылыстармен қанығу дәрежесі әртүрлі болады. Ұлпа культурасының пайда болу ағзасы (жапырақтар, тамырлар, жемістер) синтезделетін ББЗ сапалық құрамымен бірге сандық мөлшеріне де әсер етеді, сондықтан өсімдіктің әр бөлігі (орган) емес бағалы дәрілік өсімдіктердің өнеркәсіптік ұлпа культурасын алуға қолайлы болып келеді. Әнгіме клеткалар тотипотенттігінің біршама шектелуі туралы жүреді. Бұл белгі өсімдіктердің ұлпа клеткаларына тән. Сірә, кейбірлерде бұл белгі, басқалармен салыстырғанда, күштірек көрінеді. Мысалы, алкалоидтарды синтездеу қабілеті бойынша тотипотенттік гималай скополияда күштірек болады үндіс сасық мендуанамен салыстырғанда. Сондықтан, әртүрлі ағзаларындағы клеткалары ББЗ биосинтездеуге әртүрлі қабілетке ие болған өсімдіктермен зерттеу жүргізгенде, ғалымдар бағалы заттар бойынша өнімділігі едәуір жоғары ұлпаларды таңдап алуға үйренді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044 -43/11- (2023-24)
